



● КАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН



Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

6 мың отандық көлік сатылады

Шыға ҚОҢҚАБАЙ

Жеңілдетілген несиенен 6 мың отандық көлік сатылады. Сәуір айының орта шенінен елімізде 4 пайызбен автонеие беріле бастады. Мұндай игілік "Нұрлы жол" бағдарламасы

аясында жасалмақ. Осы мақсатқа мемлекеттік қазынадан 15 млрд. теңге қарастырылған. Бұл бастама отандық көлік өндірісінің өрісін кеңейтуге серпін бермек. Қостанай облысында 2011 жылы 900 көлік шығарылса, былтыр 8 мың 500 автокөлік құрастырылып шығарған.

Кәсіпорын басшыларының айтуынша, биыл мемлекет қолдауының арқасында отандық автоөндірістің тынысы ашыла түспек. "СарыАрқаАвтопром" серіктестігі тек жеңілдетілген несие есебінен 4,5 мың темір тұлпарды сатуды жоспарлап отыр.

Қостанай облысында инвесторлардан шығыстарының бір бөлігін өтеу бойынша өтінімдер қабылдау басталды

**"Қазагромаркетинг" АҚ
Қостанай облысында
инвестициялық
субсидиялау үшін
инвесторлардан өтінімдер
қабылдайтыны туралы
хабардар етеді.**

Инвестор ретінде Қазақстан Республикасында инвестициялық салы-

нымдарды жүзеге асыратын агро-өнеркәсіп кешен субъектісі болып табылатын жеке және заңды тұлғалар қарастырылады.

Инвестициялық субсидиялар Қазақстан Республикасының агро-өнеркәсіптік кешеніндегі жаңа өндірістік қуаттар құруға немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге бағытталған шығындардың бір бөлігін өтейді.

Инвестициялық субсидиялау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылдың 29 сәуіріндегі №421 қаулысымен бекітілген Агро-өнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салынымдар кезінде жұмсаған шығыстардың бір бөлігінің орнын толтыру бойынша субсидиялау қағидалары негізінде жүзеге асырылады.

Жоғарыда аталған Қағидалар-

дың 1-қосымшасына сәйкес, бірінші топтың бағыттары бойынша инвестициялық субсидиялар берілетін инвесторлардың өтінімдері 2015 жылдың 1 шілдесіне дейін қаралады.

2015 жылдың 1 шілдесінен кейін екінші топтың бағыттары бойынша инвестициялық субсидиялар берілетін инвесторлардың өтінімдері қаралады.

Өтінімдер келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай қ., Таран көш. 147. Анықтама алу үшін "Қазагромаркетинг" АҚ-ның Қостанай облысындағы филиалы, телефон нөмірлері 8 (7142) 54-31-35, 54-80-15; және "Қазагромаркетинг" АҚ-ның 8 800 080 70 80 нөмірі (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін) бойынша call-орталыққа хабарласуға болады.

● ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Өңір төтенше жағдайға дайын

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Көктем келіп, еліміздің бірқатар аймақтарындағы елді мекендерді су басып, жолдар мен көпірлерді шайып кетіп жатқаны жайында ақпараттар аз тарап отырған жоқ. Біздің өңірімізге жағдайы күрделі көршілес Қарағанды, Ақмола облыстарынан келетін судың қаупі бар ма? Жалпы, аймағымыз қар суынан келетін апаттың алдын алып, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын ба? Осы және басқа да сауалдардың жауабын Қостанай облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Виктор Шиллер айтып берді.

— Қазіргі таңда облысымызда су қаупі төніп тұрған аудандар бар ма?

— Көктемгі тасқын кезінде Аманкелді, Әуликөл, Жанкелдин, Жітіқара, Қамысты, Қостанай, Меңдіқара, Таран, Ұзынкөл аудандары мен Арқалық, Қостанай қалаларының 23 әкімшілік елді мекендерінде 12 км. артық аумақты су шайып өтті. Бұл 1471 тұрғын үй, 35 автокөлік жолдарының учаскелері. Биыл Әуликөл, Науырзым, Қарасу, Арқалық аудандарының жолдарына қар шамадан артық түскен. Сәуір айының 10 күні облыстық тасқын су жағдайын бағалау үшін Қостанай облысы әкімінің орынбасары Б.Жақыпов, Қостанай облысының төтенше жағдайлар департаменті бастығы Т.Кәкімов, "Қазводхоз" ШЖҚ АМК Қостанай облысы филиалының директоры Д.Әбдікәрімова, сонымен қатар басқа да мемлекеттік органдардың жауапты жұмысшылары бар тасқын суға қарсы комиссия құрамы Торғай өзенінің алабы арқылы ұшып өтті. Торғай өзені алабының оңтүстік бөлігінде (Аманкелді, Жанкелдин аудандары және Арқалық аймағы) қар толық еріді. Тасқын су Қарағанды облысының Ұлытаудан Қараторғай, Саба, Сарыторғай (Екідің) өзендері арқылы Қарағанды ағып келеді. Судың арыны бір қалыпты, елді мекендерге қауіп жоқ. Ал, Торғай өзенінің солтүстік бөлігіндегі Жалдама өзенінде қозғалыс байқалмайды. Сондай-ақ, Ұлытаудан Жыланшық өзені арқылы тасқын су қозғалысы басталған. Ағынның жолында су басып кету қаупі бар елді мекендер жоқ.

— Арқалық қаласы маңайындағы жағдайға тоқтала кетсеңіз?

— Қайыңды селолық аймағының 230 тұрғыны бар Қызылжұлдыз елді мекенін Қараторғай өзені суының басу қаупі бар болғандықтан, 12 сәуір күні кешке жергілікті атқару органдары және Арқалық қалалық ТЖБ қызметкерлері ауылдың 70 тұрғынын қауіпсіз жерге көшірді. 20 адам өз көліктерімен Арқалық қаласына кетсе, қалған 50 адам биіктікте орналасқан бес үйге орналастырылды. Қауіпсіздік алдын алу шараларына ТЖД 8 қызметкері мен 2 техника жұмылдырылды. Арқалық қаласының әкімі, прокуроры, жергілікті атқару билігі, ТЖД жедел тобы елді мекен аумағын назарға алған. Айта кететін жайт, 11 сәуірден бері өзен суының деңгейі 7 метрге дейін көтеріліп кеткен. Су деңгейі шамадан тыс 5 метрге дейін көтерілу керек, одан жоғары көтерілмейді.

Сайлау заңын түсіндірді

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

26 сәуір — ҚР Президентінің сайлауы күні. Қала әкімдігінің мәжіліс залында облыстық сайлау комиссиясының өкілдері қалалық сайлау комиссиясының төрағалары, ауыл және ауылдық округтер әкімдері, мекеме басшылары, құқық қорғау органдары өкілдерімен кездесу өткізіп, "Сайлау комиссияларының жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимылдары" тура-

лы түсінік берді.

— Ел өміріндегі маңызды шара жоғары деңгейде өтуі тиіс. Оған төрткүл дүние көз тігіп отыр. Сайлау учаскелерінде халықтың келіп, еркін дауыс беруіне барлық жағдай жасалуы керек, — деді облыстық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары С.Ахметов.

Сондай-ақ, кездесу барысында "Сайлау күнгі дауыс беру рәсімдері" атты танымдық фильм көрсетілді.

Арқалық қаласы.

● САЙЛАУ—2015

Штаб мүшелері Оралда болды

13 сәуірде Қазақстан Республикасы Президентігіне Үміткер Н.Ә.Назарбаевтың Республикалық қоғамдық штабының мүшелері Оралда студент жастармен, Батыс-Қазақстан машина жасау зауыты және "АКАС" Агрофирмасы қызметкерлерімен, сондай-ақ, облыстың этномәдени бірлестіктерінің

өкілдерімен кездесті.

Делегация құрамында Республикалық қоғамдық штабтың жетекшісі Мұхтар Құл-Мұхамед, "Нұр Отан" партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбек, ҚХА төрағасының орынбасары Анатолий Башмаков, "Ақжол" Демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашев, "Бірлік" партиясының төрағасы Серік Сұлтанғали, Қазақстанның Азаматтық альянсының вице-президенті Артур Платонов, ҚР Парла-

ментінің депутаттары, ақын Ақұштап Бақтыгереева, спорт ардагері Әмин Тұяқов және басқалар бар.

Түске дейін РҚШ мүшелері Батыс-Қазақстан машина жасау компаниясы ("БҚМК" АҚ) зауытшыларымен жүздесті. Кездесу барысында кәсіпорын жұмысшылары индустрияландыру бағдарламасының арқасында компанияның басқа да қазақстандық зауыттардай, серпінді қарқынмен дамып жатқанына тоқталды.

Ақтөбеліктермен жүздесті

ҚР Президентігіне кандидат Әбілғазы Құсайыновтың Ақтөбе облысының жұртшылығымен кездесуі туралы

ҚР Президентігіне кандидат Әбілғазы Құсайынов Ақтөбе облысының жұртшылығымен кездесті.

Кездесу барысында Әбілғазы Құсайынов жиын қатысушыларын экологиялық мәселелерді

айқындап, шешуге негізделген өз сайлауалды бағдарламасының басты бағыттарымен таныстырды.

"Алдымен, басты міндеттерімізді айқындап алайық. Экологиялық проблема — табиғаттың құрылымы мен қызметін бұзатын қоршаған ортадағы теріс құбылыстар. Бұл дегеніңіз, адамзат тұрмысынан туындаған антропогендік түрлену.

Экологиялық түйткілдер адамзаттың күрт өскен өнеркәсіптік

өрекетінің айналаға әсерінен туындап отыр.

Қазірдің өзінде адамдар күн сайын еселеніп келетін экологиялық дағдарыс жағдайында өмір сүріп жатқаны жасырын емес. Ол барша өркениеттің дағдарысына айналып барады", — деді ҚР Президентігіне кандидат.

Ә.Құсайыновтың айтуынша, экологиялық жүйе қызметі мен адам қоғамының табиғатпен қарым-қатынасы арасында тепе-теңдік жоқ.

Комиссия өкілдерімен кездесті

ҚР Президентігіне кандидат Тұрғын Сыздықовтың Қазақстан Республикасы Президентігіне кезектен тыс сайлауды бақылау жөніндегі Республикалық қоғамдық комиссияның өкілдерімен кездесуі туралы

Астана қаласында ҚР Президентігіне кандидат Т.Сыздықов пен Республикалық сайлауалды штабтың жетекшісі А.Қоңыров кезектен тыс сайлауды бақылау

жөніндегі Республикалық қоғамдық комиссияның өкілдерімен кездесті.

Тараптар сайлауалды науқанының барысы туралы сұқбаттасты, сайлау комиссиялары жұмысында қоғамдық бақылаудың маңыздылығына тоқталды.

Т.Сыздықов комиссия өкілдеріне штаб жұмысын хабардар етті, насихат материалдарымен таныстырды, аймақтардағы шаралар және алдағы жұмыс жоспары туралы айтып берді.

Қазақстанда сайлау насихатын өткізуге барлық мүмкіндік жасалған.

Сайлау науқанын жүргізу барысында аймақтық сайлау комиссиялары тарапынан берілген кеңестер мен тиімді заң талаптары, БАҚ-тың мәселелерді толықтай қамтуы, Орталық сайлау комиссиясы тарапынан дайындалған әдістемелік нұсқаулықтар — мұның барлығы сайлау науқанын қалыпты және келеңсіз өткізуге толық мүмкіндік береді — деп атап өтті кандидат.

А.Қоңыров бақылаушылардың назарына ҚКХП кандидатының үгіт насихат материалдары БАҚ-та толық жарық көріп отырғандығын жеткізді.

Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялауға өтініштерді қабылдау басталды

"Казагромаркетинг" АҚ 228 "Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған "Агробизнес—2020" бағдарламасының аясында аймақтардағы агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қолдау үшін облыс бюджеттеріне, Алматы мен Астана қаласының бюджеттеріне мақсатты ағымдық трансферттер бөлу" республикалық бюджеттік бағдарламасының 102 "Агроөнеркәсіптік кешен субъектісінің (бұдан әрі — АӨК субъектісі) қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау" кіші бағдарламасының аясында, қарыз алушылар мен сақтандыру ұйымдарынан агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялауға өтініштерді қабылдау басталғаны туралы хабардар етеді.

Кепілдік/сақтандыру сыйлықақысы бойынша комиссияның бір бөлігін субсидиялауға:

— ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыру

үшін айналым қаражатын толықтыруға берілетін кредиттер;

— АӨК саласындағы қайта өңдеу кәсіпорындарының айналым қаражатын толықтыруға берілетін кредиттер жатады.

Субсидияларды беру шарттары, ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар, өтініштерді қабылдау және шешімдерді шығару тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" 2014 жылғы 5 тамыздағы №900 қаулысымен бекітілген.

Бағдарлама аясында қызмет көрсетуші Оператор болып, агроөнеркәсіп кешені саласындағы арнайы мамандандырылған ұйым ретінде "Қазагромаркетинг" акционерлік қоғамы айқындалған.

"Казагромаркетинг" АҚ Call — орталығы: 8 800 080 7080 (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін).

Таланттар сайысы

Айтолқын АЙҚАДАМОВА

Қостанай қалалық ішкі саясат бөлімі мен "Социум & Я" қоғамдық бірлестігі бірінші рет "Жұлдыз" жас таланттар байқауын өткізді.

Байқау "Вокал", "Би өнері" және "Аспаптық музыка" номинациялары бойынша үш күн қатарынан өнерлі балғындардың басын қосты. Оған облыс орталығындағы мектептерден 7-17 жас аралығындағы 250-ге жуық өнерлі бала қатысып, бағын сынады.

Алғашқы рет өтіп отырған байқауды ұйымдастырушы "Социум & Я" қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Марат Жұрқабаев өнерлі жастардың жоғары белсенділік көрсеткенін айтады. Өрендерді есімі танымал Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлбану Абдуллина бастаған өнер адамдары сынға алды. Қазылар балалардың өнерін таразылап, іріктеп, байқаудың қорытынды сатысына жібереді.

Байқаудың қорытынды туры мамыр айының ортасында өтеді. Оған дайындық бүгіннен басталған.

"Махаббат мейрамы болсыншы..."

Қостанайдың студент-жастары бүгінгі сәуір күнін махаббат мерекесі деп атап өтуді ұйғарды

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Бүгін сәуірдің 15-і. Бұл күннің қазіргі жастар үшін маңызы бар екен. Несімен дерсіз. 15 сәуір — Қозы Көрпеш-Баян Сұлу ғашықтар күні. Дәл осы күнге мән беріп, атап өту ешбір құжатпен белгіленбеген, ешбір нақты оқиғаға да қатысы жоқ болса да, осылай аталып кетіпті. Бар болғаны Әулие Валентинді дәріптемей-ақ, өзімізге жақынырақ Қозы мен Баянның махаббатын символ ететін күн бұл.

Әзірге бұл күн Валентин күніндей кең көлемде аталып өтпесе де жастар өзара бір-бірін құттықтап әр жерлерде түрлі мерекелік шаралар ұйымдастырылады екен. Көктемнің жаймашуақ күндерімен тұспа-тұс келген осы күн көңілге ерекше жылылық сыйлайтын да сияқты. Әркімнің пікірі әрқилы, әрине. Әулие Валентин мәселесі талай айтылып, ақыры қазақ жастары ол күнді еске алмауға үйреніп келеді. Десе де сол күндері дүкендерде үшбу хаттар, әсем құттықтаулар қаптап кетеді. Көз қызығатыны жасырын емес. Дені алып, жақындарына сыйға тартады. Бұл жағымсыз болса да шындық екенін жоққа шығара алмаспыз.

Валентин күніне балама ретінде 15 сәуір ғашықтар мерекесі пайда болды. Бұл өзі қашаннан бері аталып өтіп келеді деген ойға кетесің. Сөйтсек, "15 сәуір — Махаббат мейрамы" жобасының авторы" деп жариялаған Серік Абас-шах республикалық баслымдарға мақалалар беріпті. Содан бері мың ойланып, толғанып, жастар осы күнге енші қойған сияқты. Серік Абас-шах: "Көктем — құллі адамзат үшін сезімнің, шуақтың, шабыттың, яғни



махаббаттың синонимі секілді. Ал сәуірді таңдауымыздың себебі, бұл айда бірде-бір елеулі мереке жоқ. Сәуірдің 15-ші жұлдызын таңдауымыздың тағы бір себебі, бұл күн көктемнің бел ортасы. Символдық жағынан көңілге қонымды. Және осы күні "әркім өз сүйіктісіне деген сезімін әдемі сөз, көрікті тілмен 1 минут бойы тоқтамай, ақтарыла жеткізсе, әрбір адам өз сүйіктісіне бәйшешектің немесе басқа бір гүлдің бір шоғын және жүрек сыры жазылған шағын ашықхат сыйласа, әрбір ер азамат өз сүйіктісінің құрметіне кем дегенде бір көшет отырғызса" деген ұсыныстарын айтады. Содан бері 15-сәуір Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың махаббаты мен сүйіспеншілігіне арналған ғашықтар мерекесі болып белгіленеді. Неге Қозы мен Баян деп отырғандарға құлаққағыс.

"Бұл күннің осы қос ғашықтың құрметіне аталуы — құдіреті күшті ұлы ғашықтық сезімнің шырқау биігіне жеткен сезімге адал, сертке берік қазақ жігіті мен ақылына көркі сай ибалы қазақ қызының мәлдір махаббатына негізделген. Аты аңызға ай-

налған Қозы Көрпеш пен Баян сұлу — шынайы махаббаттың өшпес символы іспетті. Міне, кіршіксіз, пәк махаббатты қастерлейтін осы күнге бұл екеуінің есімі ғана лайық сияқты" деген жауап таптым.

Десе де, бұл жауапқа қарсы пікір білдірушілер де бар екен. Олар: "Қозы мен Баянның махаббаты баянсыз болған, олар бір-біріне қол жеткізе алмай өмірден өткен. Бұл күнге махаббаттары баянды болған нағыз ғашық жандарды символ ету керек" дегендер де бар екен.

Бүгін 15 сәуір. Демек, бүгін ғашықтар күні. Жастар арасында жүрсең мерекенің бар екенін сезінеді екенсің. Университеттегі студенттер қатары бұл күнге көдімгідей дайындалып жатыр. Арнайы кеш болады. "Махаббат бекеті" деп аталатын мерекелік бағдарлама аясында қол ұстасып, бір-біріне ынтазар жеті жұп сайысқа шығады.

Соған қарағанда бұл мерекенің шынымен де жастар үшін маңызы бар сияқты.

P.S. Тақырыптың жалғасын соңғы 12 беттен оқи аласыздар.

БАЛАҢЫЗҒА абай болыңыз!

Қарлығаш
ОСПАНОВА

Елімізде жыл сайын 1-30 сәуір аралығында мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдер арасындағы жол-көлік және тұрмыстық жарақаттың алдын алу жөнінде айлық өткізіліп келеді. Биыл да аталған айлық аясында тиісті шаралар жүзеге асуда.

Облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары орталығының мамандары өткізген жиынға дәрігерлер, жол полициясы мамандары мен құтқарушылар қатысты. Дәрігерлердің мәліметінше, соңғы жылдары балалардың жарақат алу дерегі біршама өскен көрінеді. Мәселен, өткен жылы бүлдіршіндер арасында 12 мыңдай жазатайым жағдай тіркелген. Сондай-ақ, мамандар балалардың жарақат алу дерегі көбіне жаз, күз айларында тіркелетіндігін айтады.

— Жол қауіпсіздік ережелерін сақтамау салдарынан да әртүрлі дене жарақаттарын алып жатады. Былтыр осындай 130 жағдай тіркелді. Жаз айларында ойын балалары уақыттарын көбіне дала өткізеді. Әсіресе, асыр салып, доп ойнаған балаларды қатты қадағалау қажет, олар доп қуалап жүріп абайсызда жолға шығып кетеді де, жол апатына ұшырап жатады. Балғындардың өмірін сақтау бізге үлкен жауапкершілік жүктейді, — дейді облыстық жол полициясының инспекторы Ю.Панасенко.

Дегенмен, мамандар келеңсіз жәйттердің көбеюіне ата-аналардың да салғырттығы себеп болып жататындығын айтады. Сондықтан, жаз айларында ата-аналарға балаларын қараусыз қалдырмауды ескертеді.

Имам-молдалар аттестациядан өтуде

Дін қызметкерлерінің білімін көтеру мақсатында Марал ишан мешітінде облыстың аудан, қалаларындағы бас имамдар мен оның орынбасарлары, ауыл молдалары мен азаншылар, барлығы 90 дін қызметкері аттестациядан өтіп жатыр. Олар үш күн бойы ислам құқығы мен сенімі, ҚР Конституциясы, Еңбек Кодексі бойынша сынақтан өтетін болады. Олардан ҚМДБ-нің наиб мүфтиі Серік қажы Ораз, ғалым Сансызбай Шоқанов, бөлім басқарушысы Камалжан Тұрдыбаев сынды барлығы алты дін өкілі емтихан қабылдауда.

— Еліміздің Бас мүфтиі Ержан Малғажыұлының талабы бойынша бүгінде еліміздің әр өңіріндегі дін қызметкерлері аттестациядан өтуде. Мақсат — жергілікті жерлердегі имам-молдалардың білім дәрежесін тексеру. Жалпы, біздің облыстың дін қызметкерлері соңғы рет 2003 жылы аттестациядан өткен болатын. Міне, бүгін жаппай тағы да сынақтан өтіп жатырмыз, — дейді Қостанай облыстық Марал ишан мешітінің наиб имамы Бақытжан қажы Икрамұлы.

Тобыл Торғай Тынысы

Күдікті ұйымдар да бар

Облыста. Өңірімізде соқыр сенімге алданушылар саны азаяр емес. Қаржы табуды көздеген алаяқтар адамдардың осал тұстарын тауып, оларды түрлі тәсілмен емдейміз деп алдайтын көрінеді. Жыл басынан бері республика бойынша 114 жедел желісіне 153 қоңырау түсіп, азаматтар көмек сұраған. Ақпараттық кеңес беру орталығында өзі, не туысы торға түскен адамдарға заңгерлер, дінтанушылар мен психологтар кеңес береді.

Бүгін – бала, ертең – ана

Облыста. Қостанай облысында көмелет жасына толмаған қыздар арасында босану оқиғалары жиілеп барады. Тек өткен жылы ғана облыста 14-18 жас аралығындағы 322 қыз баланың босану дерегі тіркелді. Бұл туралы облыстық прокуратурада өткен алқа мәжілісінде облыстық прокуратураның 1-ші басқарма бастығы Асқар Сыздықов мәлім етті. Бұл деректер жергілікті жұртшылықты ойландырады. Дәрігерлер ерте босанудың да адам денсаулығына зиян екендігін айтып дабыл қағуда.

Тәрбие мәселесі талқыланды

Арқалық. Соңғы жылдары әлеуметтік нормаларды бұзу ретінде танылған девиантты мінез-құлық көпшілік сипатқа ие болып, құқық қорғау органдарының, медицина қызметкерлері, психологтар, социология мамандарының назарын өзекті проблема ретінде аударып отыр. Осыған байланысты, өңірде әлеуметтік педагогтар үшін "Көмелетке толмағандардың девиантты және делинквентті мінез-құлықтарының профилактикасы бойынша заманауи әдістеме" атты курс өтті. Практикалық сабақ барысында тыңдаушылар көмелетке толмағандардың мінез-құлықтарын талқылап, тәжірибелерімен бөлісті.

Мемлекеттік бағдарлама түсіндірілді

Лисаков. "Жұмыспен қамту жол картасы – 2020" бағдарламасы бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін құрамына облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларының, жұмыспен қамту орталығы, кәсіпкерлер палатасының өкілдері бар арнаулы мобильді топ Красногор және Октябрь селосында болды. Арнайы топ жұмыспен қамтуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар туралы айтып, "Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020" бағдарламалары жөнінде тұрғындарға түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Інісін өлтірген

Қостанай. Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты туған бауырын өлтірген В.Тунгусовқа қатысты сот үкімін шығарды. Марқұм жанжалдасып жүрген ағасы мен жеңгесін арашаламақ болған көрінеді. Інісінің өзінен басым екенін сезінген қылмыскер оның ішін жарып тастаған. Сот үкімімен В.Тунгусов қатаң тәртіптегі колонияға сегіз жылға тоғытылды.

Қала жарықпен қамтамасыз етілмек

Қостанай қ. Соңғы жылдары қарқынды жүріп жатқан қала көшелерін күрделі жөндеу нәтижесінде Қостанай қаласындағы жарық шамдар желісі де жаңартылып, толықтырылды. Бүгінгі күні қала көшелерінің 286 км.жарықпен қамтылған. 7 500 әр түрлі шамдардың ағымдағы жұмысын қамтамасыз ету мақсатында 41,5 млн.тенге қаржы бөлінді. Электр қуатын үнемдеу бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында, қуатты 2-2,5 есе аз пайдаланатын диодты жарық шамдарына көшу қажет дейді мамандар. Атқарылған жұмыс ауқымды болғанымен, қаладағы шамдардың 30% жаңарту қажет етеді.

Қай уақытта, қай заманда болмасын қоғамның қозғаушы күші, алдыңғы буынның сенім артары – жастар. Себебі жас өрендер аға толқын бастаған істі әрі қарай жалғап, іліп әкетуші. Өз заманының заңғары Мағжан Жұмабаев "Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты мен жастарға сенемін" деп бекерден-бекер айтпаса керек. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның жастарына жүктелер міндет қомақты. Соның бірі – ортақ Отанымыздың "Мәңгілік ел" атануына үлес қосу. Ол үшін әрбір жастың бойында отаншылдық, тұлғалық даму, білімге ұмтылу, еңбек ету, кәсіби даму, отбасы құндылықтарын қастерлеу сияқты қасиеттер болуы тиіс. Жаңа Қазақстанның алғашқы буынының бетке алар бағыты осы. Бұл туралы Елорда төрінде Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен өткен "Елбасымен бірге – жаңа жеңістерге!" атты форумда айтылды.



Ұша білген қанатқа ДҮНИЕ КЕҢ



Қымбат ДОСЖАНОВА

Елбасы сөзінің әлқиссасын "Мәңгілік ел" ұлттық идеясынан бастады. "Мәңгілік ел" қиялдан туындаған ой емес. Ол кешегі Тоңықек абыз айтқан Түрік жұртының ұлы мұраты. Бабалардың аңсап өткен асыл арманы. Оны ақиқатқа айналдыруда тәуелсіз елдің алғашқы буынына артылар сенім мол. "Мәңгілік елге" барар жолда бетке ұстар темірқазығымыз – бірлік пен білім болуы тиіс. "Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді" деген халқымыз тұрақтылықтың кепілі татулық екенін о баста білді. Сондықтан да "Бірлігі күшті ел озады" деп айтып кеткен.

"Біз бабалардан мирас болған атамекенімізді тәуелсіз ел еттік. Тұрмысы шалқып, түтіні түзу ұшқан бақуатты мемлекетке айналдырдық. Татулықты – тұрақтылықтың және тұрақтылықты – дамудың тұғыры еттік. Біздің барша жетістіктеріміздің бастауы – бірлік. Бірлігімізді тұмардай сақтай білсек еліміз үшін алынбайтын белестер жоқ. Ол үшін әрқайсың өздеріңе жүктелген тарихи жауапкершілікті сөзіне білулерің керек" деді Елбасы.

Бұл ретте Мемлекет басшысының биылғы жылды "Қазақ хандығының 550 жылдығы", "Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы" деп белгілеуі бекерден-бекер еместігіне көз жеткізесіз. Сондағы мақсат Ұлы дала шежіресін ұландарға үлгі ету еді. Тарихтың қойнауында қалып қойған ақтаңдақтар ақиқатын кейінгілерге насихаттау болатын.

"Ұлы құндылықтарды ұлықтай білу – әрбір жастың, баршамыздың жауапкершілігіміз. Біздің тарихымыз – бірігудің тарихы екенін әрдайым есте сақтау керек. Патриот болу дегеніміз – өзіңнің ұлы даланың ұрпағы екеніңді мақтан ете білу. Еліңнің

жарқын болашағын жасауға өз үлесінді қосу" деген Елбасы өз сөзінде мемлекет жастарға барлық жағдайды жасап отырғанын тілге тиек етті. Расында да, үкімет тарапынан жас өркенге жасалып жатқан қолдау мен көмек баршылық. Бір ғана білім саласының өзінде "Болашақ" бағдарламасын мақтана айтуға болады. Аталған бағдарлама алыс-жақын шетелде тегін білім алып, жақсыдан үйренуге жетелейді. Қазақ

"Мен сіздерге, жаңа буын қазақстандықтарға, үміт артамын. Сіздер Жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер"

**Нұрсұлтан
НАЗАРБАЕВ.**

баласының әлемнің дамыған озық елдерінде оқығаны тамаша емес пе! Сондықтан талантың мен біліміңнің арқасында жақсы оқып, жұмыс істеп, қоғамда өз орныңды табуға жол ашық. Ең бастысы жалқаудың күні қараң екенін ұмытпасақ болғаны. Себебі екі қолға бір жұмыс таба алмай бос жүру мына заманға жат. Ертеректің өзінде "Есектің артын жусаң да мал тап" деген дана халқымыз. Ендеше ескінің сөзін ескеріп, еңбек етуге һәм білім-ғылым үйренуге ұмтылу жастардың міндеті. Елбасының сөзінен осы ойды аңғарғандай болдық.

Мемлекет басшысы жас толқынның алдында қазіргі заманғы нарық экономикасы туралы да сөз етті. Соның ішінде Ресей, Беларусь, Армения және Қазақстан арасындағы Еуразиялық экономикалық одаққа тоқталды. ЕАЭО арқасында біздің жаһандық теңіз жолдарына неғұрлым аз шығынмен шығуымыз қамтамасыз етілмек. Одақ аясындағы әріптес елдер арқылы 3 мұхитқа және 13



теңізге шығатын үлкен ішкі рыногымыз қалыптаспақ. Яғни, ЕАЭО қазақстандық өнімге баға белгілеудегі шығындарды азайтуға жағдай жасайды. Сонымен қатар ортақ кедендік ережелер қорғауында жаңа отандық тауарлар түрін шығаруға жол ашпақ. ЕАЭО-тың кереметі осында. Жаһандық бәсекелестік ғасырында ұлттық экономиканың тұғырын

нығайта түсу заман талабы. Ендеше ЕАЭО ел экономикасына серпін бермек. Осы орайда ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев әзіл-шыны аралас мына әңгімені жас өренге арнап айтқан еді.

"Көнігі профессор-экономист жыл сайын студенттерге бір сұрақты емтиханда қайталап қоя береді. Оның бір жас студенті бірде: "Профессор, сіздің жыл

сайын біздің бәріміз де білетін сол бір сұрақты қайта-қайта қоя беретінін қалайша түсінбейсіз?" деп сұрайды. Сонда профессор: "Біздің экономикамен айналысып отырғанымызды ұмытпаңыздар. Ал экономикада сұрақтар әркезде де бірдей, жауаптары әр жылы-әр түрлі" деп жауап береді. Сондықтан әркез бәрі өзгеріп отырады. Мәңгілік сауалдар бар, бірақ мәңгілік жауаптар жоқ. Бұл тек экономикаға ғана емес, өмірдің барлық салалаларына да қатысты." деген Мемлекет басшысы барша қазақстандықтар үшін маңызды саяси науқан Президент сайлауының жақын қалғанын да атап өтті. Ел тарихындағы маңызды шараға қатысу кез келген азаматтың парызы. Себебі, сайлауда әр адамның дауысы маңызды.

Мемлекетіміздің одан әрі қарыштап дамуы Тәуелсіздіктің алғашқы толқынының қолында. Бұл туралы Елбасы жастар форумында айтты. Жаңа Қазақстанның алғашқы буыны осынау абыройлы міндетті түсінуі тиіс. Тарих жылнамасына бажайлап қарасақ, ата-бабадан мирасқа қалған байтақ жеріміз барша қазақстандықтардың қасиетті мекені, ортақ Отанына айналды. Осы жылдар ішінде атамекенімізден артық жұмақтың жоқ екеніне көз жетті. Біздің елімізді әлемде болып жатқан өзгерістер де үрейлендіре алмайды. Себебі, біздің ұстанған бағытымыз айқын. Ол бағыт мемлекетімізді қуатты, экономикамызды тұрақты етпек. "Мәңгілік елге" бастайтын сара жолдың кілті – "Қазақстан – 2050" Стратегиясы. Бұл Стратегия жас буынның бағыты деп бағаланып отыр.

Қостанай-Астана-Қостанай

СУРЕТТЕРДЕ: форумға қатысушы қостанайлық жастар.

● ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН



Бұл – өзіміздің өнім!

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев еліміздегі отандық өнім өндірушілерге қолдау көрсету мәселесін үнемі назарда ұстап келеді. Өзімізде шығарылатын өнімнің сапасын арттыру, осыған орай тұтынушылардың назарын отандық өнімге бұру. Қазақстанда жасалған бұйымдар, құрал-жабдықтар, азық-түлік тауарларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытында елімізде түрлі бағдарламалар жүзеге асырылып, қаржыландыру деңгейі жыл сайын артып келеді.

Қостанай облысы өндірісі қарқынды дамып келе жатқан өңір. Орасан зор экономикалық өлеуетінің арқасында өңірімізде жыл сайын ірілі-ұсақты бірнеше кәсіпорындар ашылып, зауыт-фабрикалар іске қосылып жатыр. Тәуелсіздігімізді алып, өз алдына ел болып, шаңырақ көтергелі өзіміздің отандық өнімдерімізді де көптеп өндіре бастадық. Қазіргі күні біз "Қазақстанда жасалған!" деген белгісі бар өнімдерімізді өзге елге мақтанышпен көрсете алатын дәрежеге жеттік. Тәуелсіздігіміздің ең басты құндылығы да – осы.

Бұл акцияның мәні тұтынушылардың таңдауына, олардың отандық өнімді пайдалану арқылы сапасы мен пайдасын, бағасы мен тиімділігін анықтауына тікелей әсер етеді. Отандық өнімдердің ең басты насихаты тұтынушының толықтай қажетін өтеуі арқылы өздігінен жүзеге асатынын ескерген жөн.

Дүкендердегі сөрелердегі өнімнің бірқатары азық-түлік өнімдері яғни, көкөністер мен

жемістердің басым бөлігі, сондай-ақ, сүт өнімдері, макарон, кәмпит тағы да басқа өнімдер Қостанай қаласынан тасымалданады. Бұл орайда аудандық деңгейде "Нұр-Ая", "Жасұлан", "Алпамыс", "Олжа", "Азамат", "Меруерт", "Денсаулық", "Инабат", "Жаннұр", "Нұрбек" дүкендері қазақстандық тауарларды көптеп тасымалдап халыққа қызмет көрсетуде. Бұл өз өнімімізді таратудың бір жолы. Әрі бүгінде әрбір тұтынушы өзге елде емес, өз елінде жасалған тауарды алғысы келетіні жасырын емес. Неге десекіз сапасы әлдеқайда жоғары.

Биылғы жылы аудан орталығынан "Бизнестің жол картасы – 2020" бағдарламасы аясында сүт өнімдерін өндіретін шағын цехы ашылатынын қуана айта кетуге болады. Бұл Жанкелдин ауданы үшін үлкен жетістік. Бұл іске жеке кәсіпкер Т.Мырзағалиев бастамашы болып отыр. Кәсіпкердің айтуынша, цехта сүт, ірімшік, қаймақ өндіріліп сатылатын болады. Егер осы бастама жүзеге асып жатса біздің

аудан тұрғындары сүт өнімдерін тек осы жақтан алатын болады. Бұл қуанышты жаңалық қой. Оның сыртында нан әу бастан өзімізде шығады. Нанның сыртында ет, шұжық өнімдері де солай. Және де оларға деген сұраныс та жоғары.

Мереке күндерінде ауданда ауыл, ауылдық округтердің ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтеді. Бұл игі бастама тұрғындар үшін тиімді болып отырғанын айта кеткен жөн. Сауда жасауға келген жұртшылық назарына жергілікті жерде жасалған ет, сүт, май, қаймақ, айран, құрт, ірімшік тұрмысқа қажетті, сұранысқа ие өз өнімдерін ұсынылады. Әрі келген халық дәл осы тауарларды алып кетеді. Себебі, бұл өнімдер өз ауылымызда жасалған. Дәмді әрі сапалы. Бағасы да қолайлы.

Аудандық сауда желілерін аралауда қарапайым халықтың отандық өнімдерді алуға құштар екенін де бақылауға болады. Кәмпит алса "Баян Сұлу", "Рахат" сауда белгісінің төттілерін алады. Сүт өнімдерін алса, міндетті түрде жергілікті өнімдерді алатыны байқалды. Өз жерімізде жасалған өнімдерге не жетсін.

Самал СӨРСЕНГЕЛДИНА,
аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы.
Жанкелдин ауданы.

Отандық тауарды сатып ал!

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ

Бүгінде Президенттің бастамасымен "Қазақстанда жасалған" акциясы жер-жерлерде өткізіліп жатқаны белгілі. Шара Рудный қаласында жалғасын тауып, дүкен сөрелеріндегі отандық өнімдер алдыңғы лекке жайғастырылған болатын. Жуырда шаһардағы ең ірі "Меркурий" супермаркеттер желісі де акцияға өз үлесін қосты.

Бұрынғыдай емес, қазіргі таңда аймағымызда халықтың сұранысын қанағаттандыратын азық-түлік өнімдерін өндірушілер баршылық. Бірақ осы күнге дейін олардың жарнамасы жарымай, дүкен сөрелерінде лайықты орнын таба алмай келді. Қолға алынған республикалық акция отандық өнім өндірушілердің саудасын жүргізіп, табысын еселеуге зор мүмкіндік бергені сөзсіз. Рудныйлық "Меркурий" супермаркеттері тәулігіне мыңдаған адамға қызмет көрсетеді. Мұндағы азық-түлік өнімдерінің ассортименти бай. Дүкендегі "Қазақстанда жасалған" деген атаумен пайда болған арнайы сөрелерге халықтың қызығушылығы басым.

– Жергілікті кәсіпкерлеріміздің шығарған өнімдері өзгелерден асып түспесе, еш кем емес. Бағасы көңілгі қонымды болғандықтан ет, сүт, макарон өнімдерінен бастап төттіге дейін қазақстандық тауарды тұтынамыз, – дейді қала тұрғыны Нұрбану Орынқожаева.

Елімізде жасалған тауарларды тұтыну арқылы ел экономикасын дамытуға сүбелі үлес қосатынын осылайша тұрғындар да ұғынып отыр. Айта кетерлігі, отандық тауарлардың бәсекелестерден артықшылығы – оның бағасында ғана емес, сапасында. Тікелей өндірушілерден өкелінетін тауарлар тұтыну-



шыларға мерзімінде жеткізіледі. Сондықтан сауда орталығында "Қазақстанда жасалған" деген белгімен жұмыртқа, тауық еті, ет, сүт өнімдері, өртүрлі шырындар мен газды сусындар, кондитерлік өнімдер де кең сұранысқа ие болуда.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Иранда халықтың 67 пайызы елінен шыққан өнімді пайдаланғанды артық санайды. Іргелес ресейліктер тұтынатын тауарлардың 44 пайызы мемлекеттің өз ішінде дайындалғандар. Француздардың 95 пайызы "Францияда жасалды" деген таңбасы бар азық-түлік пен көлікті сатып алуды өздерінің азаматтық парызы деп түсінеді. Қытайда да халықты отандық тауарларды тұтынуға үгіттеуде. Мұнда өз өнімдерін шығарып, онымен ауылдық жерлерді қамтығандарға салықта жеңілдіктер жасалып, субсидия бөлінеді екен. Болашақта "Қазақстанда жасалды" деп жазылған тауарлар мен азық-түлікті еліміз ғана емес, әлем халықтары тұтынатын күнге де жетерміз. Өтіп жатқан акция соның алғашқы баспалдағы болады деген пікірдеміз.

Рудный қаласы.

Лағман шығаруды қолға алды

Рудный қаласындағы "Ақ барыс НК" ЖШС тез дайындалатын лағман шығаруды қолға алып отыр.

Еуразиялық Экономикалық Одақ кеңістігіндегі еркін саудасаттық пен рубльдің құнсыздануы отандық тауар өндірушілеріне оңай тиген жоқ. Көбі бәсекеге төтеп бере алмай банкротқа ұшырап жатса, енді бірі ізденістің арқасында нарыққа бейімделіп, өз өнімінің өтімділігін қамтамасыз етіп отыр. Мәселен, рудныйлық кәсіпкер Азамат Нұрғазин осыдан үш жыл бұрын тез дайындалатын кеспе өндірісін іске қосып, өнімін ТМД елдеріне сата бастады. Тасы өрге домалаған кәсіпорын бүгінде

кеспенің 8 түрін шығарады. Өндіріс көлемі жылына 8 млн. қорап. Зауыттағы қондырғылар түбегейлі автоматтандырылған. Сондықтан қызметкерлер тек дайын болған өнім мен қаптаманың сапасын қадағалайды. Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының ұтымды тұстарын пайдаланып, кәсібінің нәсібін көріп отырған кәсіпкер бұнымен тоқтап қалмады.

– Біз Қазақстан нарығын бүгешүгесіне дейін зерттедік. Қазіргі дүкен сөрелеріндегі тез дайындайтын лағманның жай ғана кеспеден айырмашылығы жоқ. Сондықтан біз тұтынушының көңілінен шығу үшін тек табиғи дәмдеуіштерді ғана қосып, дәмі көдімгі үйдің лағманына жақындатылған өнімді



шығаруды қолға алдық. Ол үшін қажетті техника мен технологияны барлығы бар, – дейді Азамат Нұрғазин.

Халықтың сұранысына сай "Ақбарыстық" лағман алуан түрлі дәмдерімен ерекшеленбек. Осылайша көп ұзамай еліміздің дүкендерінде "Қазақстанда жасалған" деген маркамен тез дайындалатын лағман да сатылымға шыға бастайды. Қазақстанда теңдесі жоқ отандық өнім барлық сапа стандарттарына сай, әрі бағасы қолжетімді. Болашақта рудныйлық лағманды елімізбен қатар Орталық Азияға, оның ішінде Түркіменстан мен Тәжікстанға экспорттау жоспарланып отыр.

Қуаныш СЕЙДОЛЛАУЛЫ,
Рудный қаласы.



● ОЛ КҮНДЕРДІҢ ӨШПЕС ДАҢҚЫ

Әр хатта – ерлік шежіресі

Отбасын да, Отанын да сақтағандар

немесе жеңісті жақындатқан
жесірлер жайлы сыр



Кәкен әже



Сылдыр әже



Балкенже әже



Күләй әже

Өлім мен өмір тайталасқан 1418 күндік қанды майдан, алапат соғыс елдің елдігіне, ердің ерлігіне ауыр сын болды. 1940-шы жылдың басында Торғай ауданындағы 12741 тұрғынның 18 бен 30 жас арасындағы 4167-і Отан қорғауға аттанып, олардың 2261-і майданнан оралмаған. Соғыс аймағында қаза тапты, ауыр жарақаттан қайтты, хабарсыз кетті. 1940 жылғы Торғай аудандық "Социалистік ауыл" газетінің мәліметіне қарағанда, осы ересек тұрғындардың 3 мыңдайы әйел болған. 1941 жылдың шілдесінде аудан әйелдері түгелдей еңбекке араласқан. Тек қана мал фермаларының өзінде 500-ден астам әйел жұмыс істеді. Олардың барлығының да пешенесіне көктемгі егісте соқа ұстау, атыз салып, арық қазу, шөп шауып, шөмеле салу, мая үю, сиыр сауып, май шайқау, қосақтап қой сауып брынза (сүзбе) ұйыту жазылды...

Барлық соғыс ерті шарпыған елдердің, әсіресе Совет әйелдерінің сапында болған Ақкөл аймағының (сол кездегі атаумен 1-ші ауыл – әрі қарай осылай) әйелдері де Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тылдағы барлық қиыншылықтарды көтеріп, Жеңісті тездетуге баға жетпес үлес қосты. Осындай жанқиярлықтарымен Отбасын да, Отанын да сақтады. Жесірлік күйін кешіп, жетімдік, зарын тарта жүріп, Жеңісті жақындатты. Солардың басы алды үш жастағы Иванымен (бала тұрмаған соң ырым етіп, қызына орыс атын қойған), арты жасқа толмаған Темірін бірін жетелеп, бірін арқасына таңып алып жер шауып (соқамен аударған қыртысты кетпенмен тегістейді) шығыр айдап, құлақ ашып мұрап атанған – Сылдыр Қосаева. Ауыр жұмыс, тұрмыс тауқыметі қанша жүйкелетсе де өзінің екі жетімегімен қоса күйеуі Қірқабақпен бірге соғысқа аттанған қайынысы Көжімтайдың жаңа түскен жары Зағипа Бимағанбетқызын да қоса тәрбиелеп, қанаттандырды. Сылдыр әже бейнет түбіндегі зейнетін көргенімен қос боздақ зарын ұмытпай-ақ өмірден өтті.

Соғыс жылдарында әйелдер не істемеді? Мал бақты. Белорақпен шөп шапты, қора салды, атқа мініп, Әкім де болды. Күні бойы жұмыс істеп, түнімен жауынгерлерге қолғап, шұлық тоқыды, жылы киімдер тікті, азық-түлік дайындады. Отбасындағы жас балалары мен шалкемпірлерін асырады. Иығына қабын салып жұмыстан келе жатып, келе салып тезек теріп,

қамыс шапты. Ертелі кеш отын жағып, үйін жылытты.

Осындай бейнетті күн кешіп, ұрпақтарын ерлікпен тізе бүгіп иілмей жеткізген: Күләй Қойшығұлова, Зәбира Сардарбекова, Балкенже Шағайқызы, Маужанның Раушаны, Шөкен Иманбекова, Кәкен Тыныштықова, Сақып Хамитбекова, Шариқа Кәкімжанова, Сара Берпейісова, Ибагүл Байжігітова, Биғанша Ахмановалар – соғыс зардабын тартып, жетімдік көріп, жесірліктің зүйін шеккен 1-ші ауыл әйелдерінің бір тобы ғана.

Осы ауылдың аумағында ол кезде: "Саға", "Шөмішкөл", "Қабақ", "Збан", "Жаңақұрал" атты 5 колхоз болды. Торғай әйелдері қатарында 1943-ші жылы "Саға" колхозының мүшесі Кәкен Тыныштықова, "Қабақ" колхозынан Ибагүл Байжігітова жаз бойы қозы бағып, үздік еңбек етті. "Збан" колхозынан Сара Берпейісова күндіз мал жайласып, шашпаға шөп шашып, арық-тұрақтарға күтім жасайды. Оның арасында Торғайдан Ақкөлге пошта тасып, сиыр Фермасына завфермалық қызметті де қоса атқарды. Күләй Қойшығұлова (Қабақ), Шариқа Кәкімжанова (Жаңақұрал), Маужан Раушаны (Шөмішкөлде), Зәбира Сардарбекова, Шөкен Иманбекова, Сақып Хамитбекова (Саға) колхозында шөп шауып, онымаялап, колхоздың маусымдық қара жұмыстарын атқарып отырды. Ақ қар, көк мұзда 15,20 шақырым қашықтықтан малға қажетті шөпті күн сайын өгізламамен жеткізіп отыру бұлар атқарған жұмыстың ауыр да азапты түрі еді. Биғанша Ахманова (Қабақ) – ауданның бір топ қыз келіншектерімен бірге Шұбаркөлдегі соғыс қару-жарақтарын дайындаушылар пунктііндегі еңбек армиясына жіберілді.

Бүгінгі біз жас ұрпаққа таныстырып отырған Аналар шежірелі өңірдегі ел басына күн туған шақта ерлерден қалыспай, қабырғалары майыспай еңбек еткендер. Олар ел көсегесінің көгеруі үшін ерлері, балалары, бауырларынан айрылып, жас өмірін өксітсе де Отан үшін от басып, еңселері езілсе де отбастарын да, Отандарын да сақтап қалып, ерлерше еңбек етіп, Жеңісті жақындатқандар. Ұрпақтарың рухтарыңа әрқашан бас иеді қадірлі, АНАЛАР!

Ибраһим АҒЫТАЙ,
ҚР Журналистер одағының мүшесі.

Отқа оранған күндер

Әкеміз Базылхан Омаров 1918 жылдың маусым айының 25-інші жұлдызында Семіозёр ауданының Айтанақ ауылында дүниеге келіпті. 1933 жылы аудандық Ш.Уәлиханов атындағы қазақ орта мектебін аяқтап, "Сұлукөл" совхозының орталығында бухгалтерлік қызмет атқарады. Жас кезінен өзін жақсы қырынан көрсетеді. Жауынгерлік өмірін үш ай дайындық бөлімінен бастайды. 1941 жылдың желтоқсан айында қан майданның ортасына кіреді. Көп ұзамай-ақ Новокузнецк 376 артиллериялық полкінде взвод командирінің көмекшісі қызметін атқарады. Аға сержант болып жүріп оң аяғынан ауыр жараланады. Біраз жатып емделіп госпитальдан шығып, соғысқа кіреді. Бірақ көп ұзамай оң қолынан тағы жараланады. Кеңестік қызыл әскерде абыройлы қызмет етіп, әр түрлі дене жарақатына қарамастан қан майданның ортасында болады. Неміс әскерін артқа шегіндіріп, жеңіске жетуге санаулы күндер қалғанда ең соңғы рет бас сүйегі қатты жараланып контузия алып, 1945 жылдың 21-інші тамызында госпитальдан шығып, туған жерге келеді. Әр түрлі дене жарақатын алуына байланысты екінші топтағы мүгедектік бергеніне қарамастан елде де жанкештілікпен еңбек етеді. Семіозёр аудандық сот орындаушысы қызметін атқарып жүріп, денсаулығы сыр бере бастайды. Ақыры қатаң тәртіпті талап ететін қызметке денсаулығы жарамай екі жылдан кейін тері дайындау мекемесіне жұмысқа ауысады. Кеңес үкіметі қатаң тәртіпті талап ете отырып, соғысқа дейін де, соғыс уақытында да, соғыстан кейін де әрбір азамат пен әрбір азаматшаны жақсы бағалады. Әрі ел ішінде ерінбей еңбек еткен, майдан даласында да жан-тәнімен қызмет еткен ер-азаматтардың абыройы асқақ, беделі биік болды деп білемін. Майдандағы ерлігі үшін, Германия жеріндегі жеңісі үшін, 1941-1945 жылдардағы Ұлы отан соғысындағы ерен еңбегі үшін медаль, ордендермен марапатталды.


Иә, айналдырған ауру алмай қоймас дегендей, ақыры тәніне түскен сан дерттері жеңбей қоймады. 1977-інші жылдың 15-інші наурызында ата-бабалардың мәңгілік мекеніне аттанды. Елі үшін кеудесін оққа тосқан ерлігімен, ерен еңбегімен үлкен абыройға ие болған әкеміздің бұл өмірден өткеніне 40-жылға жақындап қалса да бұл өмірде жоқ деуге қиаймыз және біз тұрғанда ол өлмек емес. Еліміздің іргесі сәгілмесін, еңбектеген балалармен еңкейген үлкендеріміздің көз жасы төгілмесін.

Балғара ЖҰМАҒҰЛОВ.

Рудный қаласы.

СУРЕТТЕ: Базылхан Омаров.

Тыл ардагері



Қарағұлов Қабжан 1928 жылы 15 маусымда Қостанай облысы Қамысты ауданы Көбен ауылында шаруа отбасында дүниеге келді. Ұлы Отан соғысы басталғанда 13 жаста болатын. Соғыс басталғаннан кейін Көбен ауылынан 4-5 шақырым жерде орналасқан Орынтайқопа деген жерге көшеді. Сол кезден бастап тыл жұмыстарына араласады. Жітіқараға астық тасиды.

Соғыстан кейін совхозда есепші болған. 1960-1980 жылдары "Сельхозтехникада" есепші болып жұмыс істеді. 7 баланы тәрбиелеп өсірген.

1990 жылы тамыз айында зейнеткерлікке шығады. 1994 жылдан бері аудандық ардагерлер кеңесінің құрметті мүшесі.

Қабжан атамyz елге сыйлы да, құрметті азамат. Оның халық ауыз әдебиетінен таным түсінігі мол. Атамыз қонақ болып отырған жерде қазақтың шежіресін, нақыл сөздерді, билер, батырлар, хандар туралы көптеген аңыз-әңгімелерді, жыр-дастандарды және осы сияқты тәрбиелік мәні бар әңгімелерді қазіргі ұрпаққа аманат ретінде айтып отырады. Халқымыз "жігітке жеті өнер де аз" демекші Қабжан атамyz отырған жерде той бастап, ескі әндерді орындап, домбыра шертеді.

Атамыз кітап, газет-журналдарды оқығанды жақсы көреді. Тұрақты оқитын газеттердің бірі – "Қостанай таңы" газеті.

Қабжан атамyzды ауыл жұрты ерекше құрметтеп, сыйлайды.

Гаухар МҰҚАШЕВА,
"Қостанай таңының" жас тілшісі.

Қамысты ауданы.

Жігіттің сұлтаны

Сонау бір өткен 50-жылдары өзінің туған жеріне сымбатты келген, гимнастерка киген қарапайым ғана жігіт — қылмыстық іздестіру жедел уәкілі Құндыбаев Шайке Қостуұлы келе жатты.

Жол ұзақ. Күн батып бара жатқан кез еді. Өмірі, қызметі туралы ойлап отырып, жақында 29 жасқа келетіні есіне түсті. Үйлену де қажет еді, келіншек іздейтін уақыттың да болмауын қарашы. Ташкентте білім алып, одан кейін жұмысқа барлық ынта-жігерімен құлап, өзін ұмытып кетті, басқаша жасауға оның қақысы бар ма еді. Шайке өз ойына беріліп отырғанда бүлдірген теріп жүрген бір топ қызды көрді. УАЗ-469-ды тоқтатып, қыздардан бүлдіргеннен ауыз тигізуді сұрайды. Қыздардың ішіндегі біреуі Шайкенің пилоткасын бүлдіргенге толтырып берді. Шайке алғысын білдіріп, оған көз қырын тастап көріп еді, "он жетілер шамасында" деп топшылады.

Қалған жол бойы Шайке өзін бүлдіргенмен тойдырған, айдай толықсыған ару туралы ойлаумен болды.

Барлық құрдастарының әйел, бала-шағасы бар. Бұрын ол туралы ойламаған еді, ал қазір "сол бір кішкентай сұлуды тауып алып, үйленемін" деген шешімге келді.

Оның ауылына бармас бұрын дүкенге кіріп, әдемі орамал сатып алды. Екі жастың танысуы осыдан басталды. Біраз уақыт өткен соң үйлену тойын жасап, отбасылық өмірде 59 жыл татутәтті өмір сүрді. Екі ұл, екі қызды дүниеге әкеліп, тәрбиелеп, өсірді. Әрқашан осы шаңырақта

салт-дәстүрлер мен отбасылық дәстүрлер сақталып, келгендерге бұл үйдің есігі үнемі ашық болатын.

Қандай қыз болмасын жақсы өзін сыйлай білетін күйеуге шығуды арман етеді, алайда Ғайнижамал апа сияқты барлық қыздарға сәті түсе бермейді. Осы бір нәзік әйелге аты аңызға айналған тұлғаның, нағыз ер жігіттің әйелі болу маңдайына жазылған екен.

1926 жылы Шайке дүниеге келгенде атасы оны өзінің бауырына салып, өз қолынан бесік жасап, сиырдың сүтімен емізіп, кейін қымызбен өсірді. Атасы оған анасын да, әкесін де ауыстырды. Ол атасының артынан қайда барса да қалмай жүрді. Атасы намазға жығылғанда еңбектеп кетіп қалмас үшін немересін өзіне қарсы қаратып отырғызып қоятын. Өзінің сүйікті немересін осылай ержеткізіп өсірді. Соғыс басталғанда атасы көзіне жас алып тұрып, көршілеріне: "Менің балам кетіп бара жатып артына қараған жоқ, сондықтан ол соғыстан аман-есен келеді, бұл жақсы ырым" деген болатын. Күн сайын немересінен хат-хабар күтумен болды. Үшбұрышты хаттар келгенде жас баладан жаман қуанатын. Жеңіс туы көтеріліп, жауды жеңгендігі туралы хабарлағанда, қарт кісінің қуаныштан жүрегі тоқтап қалды. Осылайша дүниеде ең жақын екі адамның қуанышты кездесуі болмай қалады.

Шайкенің әкесі молда болған, атасы өле-өлгенше шарифат жолымен жүрген адам, ал анасы қарапайым, мейірімді, адал жан



болатын. Осындай адамдардан туған ұл жаман болып өсуі мүмкін емес. Шайке көптеген адамдарға көмектесті: біреулеріне іспен, біреулеріне сөзбен көмектесті. Артында ұлдары мен қыздары, немерелері қалды, осындай жақсы адам туралы болашақ ұрпаққа айтып жүретін тұяғы қалды. Ол — өз заманының қайраткері. Отанға риясыз қызмет етіп, қызметіне адал болды, отбасының адал жары мен сүйікті әкесі болды, атасының бесік басында ұйқысыз өткізген түндерінің қарызын өтеді деп ойлаймыз.

Шайке өз ісіне жан-тәнімен берілген адам еді. ОБХСС-те істеп жүрген кезінде қызметтік беделін қолданып, артық кеткен жерлері болған жоқ.

1972 жылдың ақпанынан 1984 жылдар аралығында Шайке Қостуұлы Федоров аудандық ІІБ бастығы болып қызмет атқар-

ды. Әрбір қызметкерді еке ретінде қамқорлығына алып, көп көмегін тигізді, қатаң тәртіп орнатты.

1983 жылы Шайке Қостуұлының табандылығы мен жігерінің арқасында бірінші рет аудандық ІІБ қызметкерлері үшін он алты пәтерлік екі қабатты үй салынды. Жоба-сметалық құжаттарын ол өзі дайындады. Шайке Қостуұлы басқарған жылдары Федоров аудандық ІІБ-і облыстың қалалық-аудандық органдарының ішінде барлық көрсеткіштер бойынша бірнеше рет бірінші орындарды иемденіп отырды.

Ғайнижамал апайдың айтуынша, Шайке Қостуұлы ағаш отырғызуды жақсы көрген. Қай жерде тұрмаса да, тұрған үйінің маңына ағаш отырғызады екен. Ол зайыбын өте жақсы көріпті, оны үнемі көршілеріне ақылды ана, қолы шебер әйел деп мақтап отырады екен. Ғайнижамал апа

— талантты, өнерлі адам. Ол өзінің жүрегінен шыққан өлеңдерін жазады және ән айтуды жақсы көреді. Өлеңдерінің ба-сым көпшілігі адал жан жолдасына арналған.

Бұл өмірден өтерінің алдында, бір апта бұрын, өзі тұратын Майлин көшесінен Марал ишан атындағы мешітке дейін жаяу жүріп келуді ұйғарады. Ол мешіттің наиб-имамы Бақытжан қажымен кездеседі. Екеуі жасының арасындағы айырмашылығына қарамастан, бірнеше жыл жолдас болған еді. Екі сағаттай сыр шерткеннен кейін кетіп бара жатып, Шайке Қостуұлы артына қарап: "Кейін барлығын түсінесің" деген еді деп қазір Бақытжан қажы есіне алады. Сонда онымен ең соңғы рет қоштасып тұрғанын білмейті. Ол кісінің айтқан сөзінің мағынасын енді түсінгендей.

Шайке Қостуұлы ұзақ, қызықты, толыққанды өмір сүрді. Барлығына үлгерді.

Біздің арамызда аты аңызға айналған адам өмір сүрді. Қазір осы адаммен өте аз кездесіп, аз тәжірибе алғаныма өкінемін. Соңғы рет Шайке Қостуұлын ҚР ІІМ Қостанай академиясында Жеңіс мерекесіне арналған кездесуде көрдім, ол шақырылған ардагерлердің арасында болды. Баяғыдай өзін бір қалыпты, қарапайым, кеудесін тік ұстайды. Нағыз офицер болды, нағыз офицер болып ел есінде қалды.

А.НҰРСАЙТОВА,
ҚР ІІМ Шырақбек
Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы
магистратурасының әдіскер-
оқытушысы, полиция
подполковнигі.

СУРЕТТЕ: полковник Шайке
Құндыбаев автормен бірге.

Соғысқа қатысқандардың бәрі аяулы

Бауыржан Момышұлының: "Соғысқа қатысқандардың бәрін де жақсы көремін. Соғыс кезінде елде болып, еңбек майданында біздің жеңісімізді шыңдаған адамдарды да ардақтаймын. Халық үшін қасықтай қанын, шыбындай жанын аямай қызмет еткен жандардың бәрі аяулы" деген сөзі бар. Бұл — соғыс атты қанды қырғынды көзімен көріп, басынан кешкен адамның жүрежарды сөзі. Баукең аяулы, ардақты санаған жандарды құрмет тұту, арамызда жоқ ардагерлерді еске алу — адами парызымыз.

Әкем Сүйінкин Балта — екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқандардың бірі. "Қолда барда алтынның қадірі жоқ" дегендей, көзі тірісінде әкемізден соғыста бастан кешкендері, нақты қай жерлердегі шайқастарға қатысқаны туралы сұрамаппыз. Тек бірер оқиғаны ғана шамалап айтқаны есімізде.

Әйтсе де майдангер әкемізден естелік болар қымбат дүниелер қолымызда баршылық. Ол туралы Ұлы Жеңістің 30 жылдығына орай газет тілшісі жазған материал жеке мұрағатымызда сақтаулы. 2010 жылы әкемізге арнап "Соғысқа қатысқан әр солдатты батыр деп бағалауымыз керек" деген атпен көлемді мақала дайындап, редакцияға жолдадық. Ол облыстық "Қостанай таңы" газетінде жарық көрді. Шынайы көңілден өріліп, тартымды шыққан осынау мақаланы арагидік оқып, жадымызда жаңғыртып отырамыз. Сондай-ақ әкеміз туралы мәлімет "Олар жеңіспен оралды" кітабына енді. Кітап демекші, Қостанай облыстық ардагерлер кеңесінің мұрындық болумен жарық көрген көп томдық аталмыш жинақта өңірдің аудан, қала майдангерлерінің дені қамтылды.

Әкем туралы жазылғандарды қайталаудың жөні келмес. Ал мына бір еңгімесін жария етсек, артық болмас. Соғыстың қызған тұсындағы осынау бір

мезеттік оқиғадан неміс солдаттарының бәрі бірдей соғысқұмар, қаныпезер болмағанын аңғару қиын емес. Бұл жайында арагидік жазылып та жүр.

... Оқиға қыстыгүні болған көрінеді. Қарсы жақ жеңіліске ұшырап, бір топ неміс тұтқынға түседі. Оларды қораға қамап, сыртынан күзет қояды. Күзетшілердің бірі — жас жауынгер Балта. Тұтқынға түскендер де кілең жас жігіттер. Қақаған қыста іштегілер де, сырттағылар да бүрсеңдеп тоңады. Күзетшілер болса, амалын тауып, от жағып жылына бастайды. Түтін иісін сезген тұтқындар бой жылытқысы келіп, есікті ұрғылайды. "Қашпаймыз, қайта кіреміз" дегендей, сырттағы жігіттерге жалынумен болады. Қанша дегенмен, адам баласы ғой, аяушылық сезімге бой алдырған біздіктер нар тәуекелге барып, есікті ашып жібереді. Бір топ неміс екі күзетшіге бас салып, қаруын тартип алып, өздерін өлтіріп, қашып кетсе, не болар еді... Бірақ неміс солдаттары бірден отқа лап қойып, біресе қолын, біресе аяғын лаулаған отқа тақап, секеңдеп, біршама жылынып алады да, рахметін айтып, ішке кіріп кетеді...

Міне, бұл да соғыс кезінде болған бір оқиға. Сұрасақ, әкеміз тағы да айтар ма еді. Көңілге медет тұтатынымыз: әкеміз және әкеміз секілді соғыс ардагерлері ұмытылған жоқ. Науырзым аудандық ардагерлер кеңесінің бұрынғы төрағасы Есімсейіт Тасқынбаевтың мұрындық болуымен өңірде соғыс және тыл ардагерлеріне тағзым ету шаралары атқарылып, жалғасын тапты. Айталық, аудан орталығы Қарамендіде Даңқ мемориалы ашылып, онда майдангерлер есімі тасқа қашалып жазылды.

Майдангерлер мен тыл еңбеккерлерінің ерлігін жадымызда жаңғыртып, оны жас ұрпаққа үлгі ету — қасиетті парыз. Қостанай облыстық ардагерлер ке-

ңесінің төрағасы Кенжебек Укин "Костанайские новости" газетіне берген сұхбатында: "... Сейчас для нас каждый участник войны, каждый труженик тыла — это кладезь жизненной мудрости. С каждым из тех, кто уходит, исчезает целая эпоха. Не побоюсь сказать: это выдающиеся люди, это выдающееся поколение" деп деп басып, жақсы айтқан. Сөз ретінде айта кетейін, "Алтын алқа" иегері, шешеміз Сәлима да он үш жасынан бастап мына Қостанай іргесіндегі Талапкер ауылында масақ теріп, қырманда жұмыс істегенін, шөп тасығанын әлі күнге еске алып отырады. Тарихымыздың осындай көзі тірі куәгерлерін құрметтеп, сөзін тыңдау, ұлағатынан нәр алу — ұрпақтар сабақтастығына нәр беріп, жас буынның ата-бабалар рухымен қанаттанып, отансүйгіштік, елжандылық сезімінің артуына қозғау салары сөзсіз. Ал, ұрпақтар сабақтастығы халқымыз үшін аса маңызды басымдықтардың бірі болып қала бермек. Неге десеңіз, Мәңгілік еліміздің іргетасы мәңгілік құндылықтарымызбен бірге қаланып, жасай бермек.

Ерлікке тағзым саналы тәлім-тәрбиемен ұласып, жастар жүрегіне жетер болса, нұр үстіне нұр. Бауыржан Момышұлының: "Жастар әкелердің қанымен келген өмірді қадірлей білсе екен. Елді, жерді сол ерлерше сүйіп, Отан үшін отқа түсуге әзір болса екен" деген өсиеті жастарымыздың жадында жатталғаны абзал.

Біз үшін майдангерлерімізге қатысты әрбір дерек алтыннан да қымбат бүгінде. Қостанай облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжебек Укин ағамыз айтқандай: "Ардагерлер — ерекше жаратылған ұрпақ". Сол ерекше жаратылған ұрпақ өкілі, өкінішке қарай, бүгінде арамызда жоқ әкеміздің суретін ұсынып отырмыз. Фотоның сыртына "10/III-45" деп өз қолымен жазыпты. Қайда түскені белгісіз.



Әкеміз соғысты Берлинде аяқтағанын айтып отыратын. Ұлы Жеңістің 70 жылдығы құрметіне әкеміздің рухына бағышталып жазылған осы мақала фотосуретімен қоса жария болса, құба-құп. Аруағы риза болсын!

Пиалаш СҮЙІНКИНА.

СУРЕТТЕ: солдат Сүйінкин Балта.

Жобаның жетекшісі
Сәлім МЕНДІБАЙ

● ЖАС ЖҮРЕКТІҢ ЛҮПІЛІ

Бала жүрегі — кішкентай күй сандық

Мамандық таңдау — әр адамның өміріндегі жауапты сөз деп айтар едім. Мамандық түрі де көп, қажетті, маңызды, қызықты. Сондықтан да әр мамандық өзінше ерекше, алайда оны дұрыс таңдай білу де оңай емес. Сол мамандықтардың ішіндегі ең мәртебелісі, құрметтісі, қиыны — мұғалім болу. Мен — бастауыш сынып мұғалімімін. Кішкене күнімнен қолыма қалам-дөптер алып, мұғалім болғым келетін. Мектеп жанынан өтіп бара жатқанда оқушыларға, ұстаздарға қызыға қарайтынмын. Мектепте оқығанымда арманым одан әрі ұлғая түсті. Сол арманым ұстаздыққа өкелді. "Бала жүрегі кішкентай күй сандық. Ол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімнің қолында әр кезде сол кілт жүруі керек", — деп ақын М.Шаханов айтқандай, бала жүрегінің кілтін тауып, жылудық ұялағым келді. Балаларға жақсы көңіл-күй сыйлай отырып саналы тәрбие, сапалы білім берсем деп ойлаймын. Өзімді әр сабақ үстінде іс-әрекетім, оқуға үйрету, түсіндіру, жылы әңгімелесу арқылы балалардың маған, өздеріне деген сенімдерін арттырып келеді. Әрқайсысы кітап оқуға, айналасына жанашырлықпен, қамқорлықпен қарауға, ата-анасын сыйлауға ұмтылса деймін.

Балалармен жұмыс істеу — үлкен бақыт. Себебі тек қана бала ешнәрсеге алаңдамай мейірім-

ділікке сенеді, кішкентай алақанын менің алақанымға қойып, өз құпияларын айтып, маған сенім артады. Пәк көңілді оқушылармен қарым-қатынас маған қуаныш, шаттық сыйлайды. Өйткені мен оларға, олар маған қажет екеніне сенімдімін. Осы сенімнің болуы — әр мұғалімнің бақыты. Сондықтан да мұғалімнің жұмысы күрделі де қызықты.

Ең бірінші рет бірінші сыныпқа келгенімде оқушыларда, ата-аналар да маған бір түрлі қарағандай болды. Алғаш рет ата-аналарға өзімді таныстырған сәтте жас екенімді көріп, сенімсіздік танытқандары байқалды. Мектеп әкімшілігінің жас маманды қолдауы және де тәжірибелі ұстаздарының көмегі сол қиындықтардан шыға білдім. Сонымен қатар қиындықтан шығуыма ата-аналардың өздері-ақ көмектесті. Ата-аналарды мектеп өмірімен байланыстыра отырып көптеген жетістіктерге жетіп үлгердік. Соның бірі деп Наурыз мерекесінде "Ұлыстың ұлы күні" атты ашық сабақты айтуға болады. Тәрбиелік мәні бар ашық сабақта балалардың ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін дамыту арқылы жүйелі сөйлеулеріне мән бердім. "Өнерлі", "Алғыс", "Бірлік" ауылдары болып бөліндік. Оқушылар да, ата-аналар да қазағымыздың салт-дәстүрінен, әдет-ғұрпынан көрініс қойып, өздерінің өнерлерін көрсетіп, ұлттық тағамдарымызды даяр-



лап, олардың мәні мен маңызын айтты. Кішкентай жас өскіндерге ұстаз болғанымға жеті ай болыпты, осы айлар ішінде олармен, ата-аналарымен үлкен дос болып кетіппіз. Оны ашық сабағымда байқадым да түсіндім. Қазіргі таңда ата-аналармен бірлесіп мұражай, кино, кон-

церт, театрларға барып демалысымызды бірге өткізуге тырысымыз. Болашақта баланың жүрегінде ғана емес мектебіміздің де ұлағатты ұстаздарының бірі болғым келеді. Жас маман ретінде тәлімгерім Меңтай Аманқызына және Баржақсы Нұрлыбекқызына үлкен алғысымды

білдіремін. Әлі де тәжірибелі ұстаздардан үйренерім көп...

Гүлден ЗЕЙНОЛЛАЕВА,
№9 орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі,
Қостанай қаласы.

СУРЕТТЕ: ашық сабақтан көрініс.

Кәсіби біліктілік —
ЗАМАН ТАЛАБЫ

Қай заманда, қай жаста да болмасын білім алудың маңызды екені белгілі. Бастысы — құлшыныс, зерде, талап болсын. Адам баласы үздіксіз оқудың арқасында өзін-өзі рухани тұрғыдан жетілдіріп тәрбиелей беретіні хақ. XXI ғасыр — білім-ғылымның ғасыры. Мемлекетімізде білім беру саласына көп көңіл бөлгенінің нәтижесінде әлемдік деңгейдегі білім берудің озық инновациялық технологиясын игеруге ел болып күш салудамыз. Соның айғағы ретінде "Өрлеу" БАҒО АҚ Қостанай облысы бойынша біліктілікті арттыру институты мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру ісінде жоғары деңгейде сапалы жұмыс жасап келеді. Бұл орайда тренерлердің еңбегі де ұшан-теңіз екендігі даусыз. Мұғалімдердің санасына жаңаша ойлауды, көзқарас білдіруді, сыни ойлауды сыналап қағу — осы тренерлердің еңбегі. Олардың бүгінде озық тәжірибе тарату, үлгілі сабақтар топтамасын жасау сынды тиімді жұмыстарды тындырып жүрген жайлары бар. Мәселен, Кембридж университеті мен Назарбаев зияткерлік мектебінің бірлесіп жасаған жобасы негізінде мұғалімдердің біліктілігін арттырудың үш айлық курстары өткізілуде. Курстың негізгі идеясы сындарлы оқытуға негізделген, яғни игерген білімін күнделікті өмірде тиімді пайдалана білу. Бұл курстардың мақсаты — оқушыларды өз бетінше білім алуға жетелеу, сыни ойлай білуге үйрету, өзіндік ой-пікірін қалыптастыруға тәрбиелеу, оқушылардың басқару және көшбасшылық қасиеттерін жетіл-

діру, дарынды, талантты оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу, болашақта жақсы маман болып шығуына көмектесу. Мұғалімдер бір ай оқығаннан кейін бір ай мектепке практикаға барып, содан кейін тағы бір ай оқып, курсын жалғастырады. Мұғалімдер практика кезінде алған теориялық білімдерін сабақ беру арқылы ұштастырады. Курс негізінен жеті модульді қарастырады, олар: сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер, ақпаратты коммуникациялық технологияны пайдалану, дарынды және талантты оқушылармен жұмыс, оқытудағы басқару және көшбасшылық, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау, оқушыларды жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу. Курстан өткен мұғалімдерге үстеме ақы қосылады. Курс үш деңгеймен өткізіледі.

Үш жылдың ішінде облыстың барлық аудан, қалаларынан барлығы 250-ге жуық мұғалім осы жоба бойынша өз біліктіліктерін арттырды. Курстан өткен мұғалімдердің ішінен курста алған білімдерін сабақта белсенді қолданып, жақсы жетістіктерге жетіп жүрген мұғалімдерді атап кеткім келеді: Жұлдызай Қоқышева, Серік Жұмағұлов, (Арқалық), Гүлжиган Торина, Мадияр Байтеміров (Қостанай), Нұргүл Ибраева (Рудный қаласы), Әртісхан Байғаныс (Федоров ауданы), Әсем Әлкеева (Қарасу ауданы), Айжан Сәулебаева (Әулікөл ауданы), Нәзира Жиенбаева (Жітіқара қаласы) тағы басқалар.

Талантты да, талапты ұстаздарымыз-

дың бойындағы көшбасшылық қасиеттерді ашатын осындай тың жобалардың болғаны әбден қуантады. Қиындығы мен қызығы қатар жүретін ұстаздық жолда қажымай, талмай, ерінбей еңбектенудің арқасында әлеуметтік желі арқылы жер шалғайлығына қарамай, ұстаздар қауымы бір-бірімен тәжірибе алмасуда. Бүгінде "Назарбаев Зияткерлік мектебі мен Кембридж университеті" бірлесе жүзеге асырып отырған бұл жоба шығармашыл ұстаздарды I, II, III деңгейде оқытып үлгерді. Ендігі алға қойған ізгі мақсат — осы алған білімдерін одан әрі жетілдіріп, бала бойындағы қабілет, дарынды ашу үшін көп ізденіспен жалықпай еңбек ету. Сабақ үлгісін жаңа әдіс-тәсілмен алмастырып білім беру де жүзеге асып келеді. Тың жобаға Қостанай өңірінің ұстаздары да белсенді түрде үлес қосуда деп нық сеніммен айта аламын. Ұстаздардың көпшілігі курстан кейін өздерін жаңа бір қырынан танытып, жаңаша ойлай алатын болғандығы байқалуда. Жаңашыл ұстаздар шәкірттерді өзіне сенімді, өзін-өзі бағалай алатын, тіл табыса білетін, ізденімпаз тұлға етіп тәрбиелеп жатыр деп ойлаймын. Мемлекет тарапынан көрсетілген қолдау үлкен нәтижелі жұмыстар жасауға септігін тигізуде. Мәселен, өткен жылы тамыз айында Қостанай қаласында "Жарқын белес" атты екінші республикалық педагогикалық форум болып өтті. Бұл да біз үшін мақтаныш. Ы.Алтынсарин мектеп ашқан киелі топырақта жер-жерден келген педагог мамандардың бас қосуы — үлкен

шара. Тынымсыз еңбек үлкен нәтижеге бастайды емес пе?! Бұл шара көптеген ұстаздар қауымына шабыт сыйлады, білім беру ісіндегі талап күшейіп келе жатқандығын айқын сездірді. Сондай-ақ ақпаратты технологияны тиімді пайдалану, танымдық қабілетті арттыру, жауапкершілікпен әр істі сезіне білу, өзін-өзі реттеу сынды қасиеттерді оқушылар осындай ұлағатты ұстаздардан сіңіреді деп айтуға болады. "Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаматтық пен білім қажет", — деп, Шоқан Уәлиханов айтқандай, халықтың кемелденіп, озық елу елдің қатарына ену үшін адамдарға елжандылық пен білім қажет екенін түсінеміз. Нарық жағдайындағы мұғалім-ге қойылатын талаптар — бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби біліктілігін арттыруда деңгейлік курстардың берері көп. Болашақ педагогтеріміз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай, жедел ойлаушы, шешім қабылдаушы, ерекше ұйымдастырушылық қабілетті, нақты бағыт-бағдар беруші болып шығуы — бұл қазіргі заманның талабы. Осы талаптар орындалғанда ғана мұғалім мәртебесінің жоғары болатыны анық. Бұл мәселе "Қазақстан-2050" стратегиясында да айтылған.

Жұмабике КӨПЖАСАРОВА,
"Өрлеу" біліктілікті арттыру
ұлттық орталығы" акционерлік
қоғамы филиалының Қостанай
облысы бойынша педагогикалық
қызметкерлер біліктілігін арттыру
институтының маманы.

● ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕКТЕП

Арбайды, қалтаңда түк қалмайды

**Қуаныш
ЕСҚАБЫЛ**

Қайбір жылдары көше бойында жалт-жұлт етіп көз тартқан ойын автоматтары қатардағы жастардан бастап қалтасы қалың кейбір азаматтардың ақшасын қағып алып, талайды тәубесіне келтірген еді. Бұған біреулер айлығын, енді біреулер бар байлығын салып сымпиып, ал автомат иелерінің қалтасы қампиып жатты. Ішпей-жемей барынан айырылғандардың үйіндегі ұрыстар жиіледі. Сөйтіп, олар мұны үлкен мәселе етіп көтеріп, арнайы Заң шығаруға әкеп тіреді.

Қазақстан Республикасының "Ойын бизнесі туралы" Заңының 11-бабының 1-тармағына сәйкес, казино мен ойын автоматтары залдары Алматы облысында Қапшағай су қоймасының жағалауында және Ақмола облысының Щучье ауданында жергілікті атқарушы органдар айқындайтын аумақтар шегінде орналастырылуға жататын болды. Сөйтіп ойын автоматтарынан біржола құтылатын болдық деп, "шөпкемізді аспанға аттық". Алайда ондай ойын ордалары тып-тыйпыл құрып кеткен жоқ.

Бүгінгі мақаланың қаһармандары құмар ойынға құмартып, автоматтардың алдынан кете алмай жүргендер. Талай отбасының ойранын шығарған автомат ойындарының шырмауын бақыламақ ниетте біз де ойнап көрдік...

Қазіргі таңда "лотерея киоскісі" деген атпен жұмыс істеп жатқан құмар ойын автоматтарын қаламыздың кез-келген жерінен кездестіруге болады. Оның айналасында жүргендер оңай олжаға

кенелгісі келеді.

Ойыншының құмарлығын оятатын бұл автоматтар қоғам үшін өте қауіпті. Себебі, құмар ойындарға тәуелділік нашаға немесе маскүнемдікке деген тәуелділіктен еш қалыспайды. Ойын автоматтары бар жерлерге, мен де "құмар ойыншының" кейпінде бас сұқтым...

Рудный қаласындағы "Арман" сауда орталығында орналасқан бұл "лотерея киоскісіне" қалтама 2000 теңге сала бардым. Аппараттың басында көмелеттік жасқа толмаған жастар мен иегін ақ шалған аталарымызға дейін жүр. Автоматқа кем дегенде 200 теңге салып, ойынды бастай беруге болады екен. Қалтамыздан 500 теңге алып, автоматқа салып жібердік. Бойды қорқыныш, үрей билейді. Екі рет басып, 3000 теңгені шығарып алдық. Жан-жағымызға адамдар бірден жинала қойды. Олар үшін ол азғантай ұтыс екен. Кейбіреуі тіпті 50-60 мың теңгеге дейін шығарған. Бірақ ұтыстан гөрі, жеңіліс көп екендігін жігіттер мойындап отыр. "Соны түсіне тұра, неге ойнайсыз" деген сауалға, "азарт қой" деп жауап қатты. Негізі бұл автоматтар шынымен де ойыншының құмарлығын оятады екен. Бір рет ақша ұтылып қалған адам, екінші мәрте ұтамын деген оймен қайтып келеді. Ұтысқа ие болса да, қайта келіп ойнай бергің келіп тұрады. Тіпті "осылай табыс тауып отырсам болады екен" деген ой пайда болады. Бірақ қайдам? Әмияндағы бар ақшаның қалай кетіп қалғанын білмей де қаласың. Көп замандастарымыз еңбекпен тапқаны бар, ата-анасы кредит төлеуге жіберген ақшасы бар, әйтеуір қолдағы бар тапқанын салып,



ұтылып жатқандар да кездесті. Ойнап жатқандар оны дерт деп түсінгісі де келмейді.

Рүстем, жасы 20-да:

"Мен бұл жерге айлық алған кездері келемін. Әйеліме тапқан табысымның 5-6 мың теңгесін ұстап қалып, қалғанын осы ойын автоматтарына жұмсаймын. Көп ұтысқа ие болған кездері ойындары өрі қарай жалғастырып қайтадан ұтылып қалып жаттым. Көпшілігі ұту үшін емес, уақытын өткізуге келетін сияқты. Өз басым қатты азартқа берілгенмін дей алмаймын".

Нина, дүкенші:

"Кешеге дейін ойын автоматтарының екеуі жұмыс істейтін еді. Жақында тағы біреуі қосылды. Осыны орнатқан кәсіпкердің қалтасы ойыншылардың арқасында қампиып отырғаны сөзсіз. Ойын автоматтарын сондай-ақ "Универсам", "Лада", "109-шы" дүкенінен табуға болады. Барлығы заңды болса керек, жалға алынған орыны үшін ақы төлейді екен.

Бірақ аппараттан бір адым жерде алкоголь ішімдіктері сатылады және оны ішуге арнайы орын жасақталған. Сондықтан халық бұл жерде ығы-жығы. Бір жағынан маскүнемдер, екінші жағынан ойынқұмарлар мазамызды өбден алды. Ойын автоматтарының қоғамдық орындарда орнатылуына қарсымын".

Қоғамдық орын демекші, "Ойын бизнесі туралы" Заңның сол 11-бабының 3-тармағында "тайға таңба басқандай" "Ойын мекемелері тұрғын үй қорына жатпайтын ғимараттарда ғана орналастырылуға тиіс" делінген. Яғни жоғарыда айтылған ойын автоматтарының барлығы тұрғын үйлердің бірінші қабаттары саналатын сауда орталықтарында орналасқан. Бұл заңбұзушылыққа жатпай ма? Жатпаса Заңның солқылдақ тұстарын жоятын кез келді емес пе? Құқық қорғау органдары бұған не дейді екен? Сіз не дейсіз, ағайын?

Аты бар індет

Ойынқұмарлықты медицинада лудомания деп атайды. Бүгінгі күні тәуелділігі жағынан нашақорлықпен тең дәрежеге қойылып отырған лудоманиямен көбіне жастар "ауырады". Жалпы, бұл үш деңгейден тұрады. Бірінші, жеңіл түрінде адам өз-өзін басқара алады. Олар әлі ойынқұмарлыққа толықтай берілмегендер. Екінші, орташа түрінде адамдар уақытының көп бөлігін ойынқұмарлыққа арнайды. Үшінші, ауыр түрінде бұлар түгелдей уақытын сонда өткізетіндер. Олардың бүкіл санасы соған ауып, одан шыға алмай қалады. Мұндайлар психикалық әлсіздік кесірінен өз-өзіне қол жұмсауға дайын тұрады екен.

— Көбіне лудоманияға шалдығандар бірденеден ләззат алғысы келетіндер немесе сүйіспеншіліктен жұрдай адамдар. Мұндай адамдардың алдында ешқандай мақсат болмайды. Кеңес сұрап келген ата-аналар мен жастардың арасында өз-өзіне қол жұмсауға ұмтылғандары да болды, — дейді қалалық емхананың психолог маманы Валентина Цветкова.

ТҮЙІН: Не дегенмен құмар ойындары жақсылыққа апармайтыны анық. Еңсесі биік отыз елдің қатарынан көрінеміз деп жүргенде азаматтарымыз осалдық танытып жатса өзімізге сын. Сырт көзге "сыпайы" көрінген ойын автоматтары әлі қанша адамның қалтасын қағып, шақырағын шайқалтатыны белгісіз. Әзірге бүгінгі күннің бір шындығы осы.

СУРЕТТЕ: "Арман" сауда үйіндегі ойын автоматтары.

Жәрдемақы алуға кімнің құқығы бар?

Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" заңы 2002 жылғы қаңтардан және "Балалық отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" заңы 2006 жылғы қаңтардан бастап қолданылады. Қолданыстағы заңдарға сәйкес жан басына шаққандағы орташа табысы кедейшілік шегінен төмен отбасылардың атаулы әлеуметтік көмекті алуға құқығы бар. Кедейшілік шегі облыста белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 40 пайызын құрайды. 2015 жылғы бірінші тоқсанға 18 021 теңге, кедейшілік шегі 7 208 теңгені құрайды.

Отбасының жиынтық табысы есептелген кезде оның елді мекенде тұрғылықты жері бойынша тіркелгені, шаруашылықты ортақ жүргізетін және бірге тұрып жатқан барлық отбасы мүшелері де есепке алынады. Отбасының жиынтық табысына тұрғын үй көмегі мен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмектен басқа барлық көмек түрлері жатады.

Атаулы әлеуметтік көмек мөлшері отбасының әрбір мүшесіне есептегенде отбасы-

ның орта есеппен жан басына шаққандағы табысы мен кедейшілік шегі арасындағы айырмасына байланысты.

18 жасқа дейінгі балаларға берілетін жәрдемақы отбасының орта есеппен жан басына шаққандағы табысы облыста белгіленген азық-түлік себетінің құнынан төмен болған жағдайда тағайындалады. Азық-түлік себеті ең төмен күнкөріс деңгейінің 60 пайызын (10 813 теңгені) құрайды. Отбасының жиынтық табысы есептелген кезде балаларға берілетін жәрдемақыны алуға үміткер отбасы құрамында ата-аналар мен оның асырауында 18 жасқа толмаған балалары да есепке алынады.

Отбасының жиынтық табысына тұрғын үй көмегінен, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмектен, 18 жасқа дейінгі балаларға берілетін жәрдемақылардан, баланың туылуына байланысты жәрдемақы мен тағы басқа барлық көмек түрлері кіреді. Әрбір балаға берілетін жәрдемақы мөлшері 2 082 теңге.

Еңбекке жарамды отбасы мүшелері өзге адамның күтіміне мұқтаж I, II топтағы мүгедек-

тердің, мүгедек балалардың, 80 жастан асқан адамдардың, 7 жасқа дейінгі балалардың, сонымен қатар атаулы көмек тағайындалғанда және 3 жасқа дейінгі бала күтімімен айналысатын, балалар жәрдемақысы тағайындалғанына қарамастан егер отбасында еңбекке жарамды отбасы мүшелері жұмыс істемейтін, күндізгі оқу бөлімінде оқымайтын, әскери қызметін атқармайтын және жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелмеген болса жоғарыда көрсетілген жәрдемақы түрлері тағайындалмайды. Ең төмен күнкөріс деңгейі тоқсан сайын белгіленеді. Жәрдемақы төлемдері өткен ай үшін ай сайын жүргізіледі. Өтініштер мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай қ., Қасымқанов (Повстанческая) к., 36, анықтамалар үшін 502-999 телефонна хабарласа аласыздар.

Ақсұлу УРАЗОВА,
"Қостанай қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар тағайындау және төлеу секторының меңгерушісі.

Сауаттылықты арттыру мақсатында

Қазақстан Республикасының Жемқорлыққа қарсы стратегиясын жүзеге асыру және халық арасында нөлдік шыдам ұстанымын өндіру — осы тақырыптарда жақын арада Алтырсарин ауданының тұрғындары әңгіме өрбітті. Қостанай облысы бойынша мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі Департаментінің бастамасы бойынша Силантьевка ауылында мемлекеттік қызметкерлердің жұртшылықпен кездесуі өтті. Кездесуге "Нұр Отан" партиясының өкілдері, жастар, бизнес өкілдері және аудандық мәслихат депутаттары қатысты.

Қостанай Департаментінен мемлекеттік қызмет өту бөлімінің басшысы Әсет Досекенов сөз сөйледі. Басқосуға қатысушылар мемлекеттік қызмет реформасы және жемқорлыққа қарсы саясаттың жүргізілуіне байланысты өз ойларымен бөлісті. Олардың айтуынша, бүгінгі күні ауыл тұрғындары заңдарды қажетті деңгейде меңгермегендіктен қиындықтарға тап болады. Ауыл тұрғындары қажет анықтамалар үшін облыстық орталыққа барып жатады, алайда барлығын жергілікті деңгейде шешуге болатыны анықталады.

Кездесу аясында мемлекеттік қызмет ету саласы бойынша мәселелер талқыланды. Досекенов жұмысқа қабылдау үдерістерінің барлығы таза, бүгінгі күні әрбір азамат тең құқыққа ие екендігін, әңгімелесулерде қоғам қайраткерлері, депутаттар, азаматтар қатарынан тәуелсіз бақылаушылар болатынын атап өтті. Сондықтан конкурстарға өзін шын мәнінде жақсы жақтарынан көрсете білген үміткерлер қатысады.

Мамандар мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі жанында әрбір азамат өзінің сұрағын қойып, мемлекеттік қызметкерлердің ар-намыс кодексінің немесе заңды бұзушылық фактілері бойынша хабарласа алатын бірыңғай байланыс орталығы (1494) жұмыс істейтіндігін атап өтті. Департамент пен оның аймақаралық бөлімдерімен байланысу жолдары туралы ақпарат ұсынылды.

Мамандардың айтуынша, осындай кездесулер үнемі өткізіліп тұратын болады. Департамент келесі кездесуін Меңдіқара ауданында өткізеді.

«Құрметті редакция!»
«Қостанай таңы» газеті оқырмандарының хат – хабары

Халықтан асқан сыншы жоқ

Қай заманда болмасын, БАҚ ел игілігі үшін еңбек атқарады. Жұрттың жоғын жоқтап, әділдікті жақтап, қарапайым адамдардың дүние төрін кеңейтуге өзіндік үлесін қосады. Бүгінгі таңда көрермен, таңдаушы, оқырман қауым үшін ақпарат құралдарының маңызы зор.

"Қостанай таңы" газеті маған несімен ұнайды? Ең алдымен, бұл біздің өлкеде мемлекеттік тілде шығатын бірден-бір басылым. Өңірде болып жатқан жаңалықтарды білу үшін баурайды. Кейде газеттен көптен көрмеген дос-таныстарды, туыстарды көріп қаламыз. Яғни айтпағым, кімдер басқарып, кімдер еңбек етсе де бұрнағы жылдары да басылымды іздеп жүріп болса да міндетті түрде оқып шығатынымын. Енді газетіміздің қазіргі имиджіне келетін болсақ, мінсіз болмаса да сапасы жақсы. Кейде тіпті өте жақсы ресімделіп, жөндем топтастырылып, тіптен сәтті шығады. Тобыл-Торғай тынысы, қала мен дала ахуалы, өткен мен бүгін сауатты түрде газеттен орын алған. Ақындыққа, жазушылыққа бейімі бар өндіріс жастардың жаңа есімдері жария болып жататыны қуанышты.

Оларға осындай мүмкіндік ұсынып отырған ата басылымның игі ниеті құрметке лайық. Келешекте ел үмітін ақтайтын біраз дарын иесі шығады деп үміттенемін. Жалпы, өз басым тілші, қаламгер, саясаткер қауымның ғана емес кез-келген кісінің әділ болғанын құп көремін. Әрбір ақпараттың анығын біліп алу керек: өз көзіммен көріп, өз құлағыммен естіп, өзім куә болмайынша ешбір жаңалыққа сене қоймаймын. Біреуге күйе жағу, көре алмау, алдау, жала жабу – күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналып кеткен. Адамдарды тани білу керек. Ұстамдылық, мәдениет, мәртебе мен шекпенге қарамай Адам ретінде бағалай білу зор тәзімділікті, зиялылықты керек етеді. Бұл жерде қазақтың батыр перзенті Баукеңнің "Сынаспай – сыр ашпа" деген мақалы ойға оралады. Меніңше, тіпті заң, саясат саласында істейтін адамдардың өздері белгілі бір деңгейде жақсылыққа сенгіш, қиялшыл, арманшыл. Ал егер газетте тек дәйектер мен деректерге, сандарға толы материалдар болса жұрт жалығар еді. Сондықтан проза мен поэзияның өмірден алатын орны – төр.

"Қостанай таңы" – заманауи, патша көңілді оқырманның талғамына сай беделді басылым. Осы жерде "Құрметті пациенттер! Өздеріңіздің клиент емес пациент екендігіңізді және дәрігерлердің сіздерге қызмет етпейтіні олардың сіздерге жәрдем беретінін ұмытпағайсыздар!" деген емханадағы тіркеу орнындағы ескерту еске түседі. Сондықтан газет бізге қызмет етеді деп отырған жоқпыз, тілшілер көбіне-көп жұртқа жәрдемдеседі, әділдікті жақтайды, елмен санасады, рухани ас мөзірін құрастырады дегендей. Наурыз мейрамына орай бата бөйгесі шықты, жаңалық екен. Ұзартыпсыздар, дұрыс-ақ. "Сөз әлемі" сөз жоқ тартымды шығып жатыр. Ал Айбек Кедірұлы ағамыз бен Нұрболат Мешітбаев мәселелі мақаласымен жарқ етуші еді, соңғы кезде басылып қалғанға ұқсайды. (Ренжімесін өз ойым ғой.)

Халықтан асқан сыншы жоқ. Сондықтан сіздерге баға беру борышымыз. Ал өз кезегінде бұрысты бұрыс деп түзетсеңіздер, алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Ділнар ДҮЙСЕНҒАЛИ.
Меңдіқара ауданы.

● АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

Көшесінде Шоқанның...

Құрметті редакция! Сіздерге хат жолдап отырған себебім мынау: жуырда "Қазақстан" Ұлттық арнасындағы "Айтуға оңай" ток-шоуында атақты ғалым-саяхатшы Шоқан Уәлихановтың 180 жылдығына өзіндік туралы мәселе көтерілді. Менің айтқым келгені, міне, осы жайт.

Хабарға қатысқан кісілер өз өңірлерінде Ш.Уәлихановты еске алуға қатысты шаралардың біртіндеп қолға алынып жатқанын тілге тиек етті. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысында мұражай ашылыпты. Алматылық ғалымдар жерлесіміздің өмірінің соңғы төрт жылын зерттеп жатқан көрінеді. Ресейдегі Омбы қаласының театры Шоқан Уәлиханов туралы "Любины роща" спектаклін бірнеше жылдан бері қойып келеді. Жыл сайын театр маусымы дәл осы туындымен ашылады екен. Қалада Любина роща даңғылы (бұрынғы саябақ) бар. Енді Ш.Уәлиханов даңғылының тұсауын кесіпті. Міне, омбылықтардың біздің даңқты жерлесімізге деген құрметі!

Ал бізде – Шоқанның кіндік қаны тамған жерде қандай іс істеліп жатыр? Қала тұрғындары Ш.Уәлиханов көшесінің бүгінгі жай-күйін біле ме екен?

Өткен жылы Уәлиханов көшесін көріп жағамды ұстадым. Қаланың бір қалтарысында өзімен-өзі

бұйығы жатқан көшенің жағдайы еш сын көтермейді. Жағалай қоқыс шашылған, асфальт жолы жоқ, ағаштар бей-берекет өсіп кеткен. Бұл мамыр айы болатын. Оған дейін ешқандай сенбілік ұйымдастырылмағаны көрініп тұр. Көшенің атауын білдіретін қарапайым тақтайша да ілінбепті. Тек, бір үйдің қабырғасында ғана жарым жартылай ілінген, шегесінен үзілгелі тұрған тақтайшаны байқап қалдым. Осындай сорақылықты көріп көзіме жас үйірілді. Апыр-ау, сонда Тобыл төсінде туған осындай ұлы адамға орталықтан әдемі көшенің бұйырманы ма?!

"Айтуға оңай" ток-шоуын көріп отырғанда байқағаным, жұрттың бәрі жерлестерінің Шоқан мерейтойына өзіндіктерінен білгісі келгені анық. Бірақ, екіншіше қарай, біздегілер үнсіз. Тіпті жұрттың көбі Шыңғыстың қыстауы болған Күнтиместің Аманқарағай округіне, әлде Сарыкөл ауданына жататындығын білмейді.

Сіздер осы мәселені облыстық деңгейде көтерсеңіздер екен. Мүмкін Ш.Уәлихановтың 180 жылдығына дейін ең болмаса көшесін дұрыс-таса жөн болар еді.

Үміт ҚАНАПИЯНОВА,
Қостанай қаласының тұрғыны.

Ол хабарсыз кеткен жоқ

Менің қолымда "Боздақтар" кітабының №2 томы. Ол 1995 жылы Ұлы Жеңістің 50 жылдығына орай шығарылған. Сол кітапты парақтап отырып мен өзімнің туған әкем Жиенбаев Қасен туралы мынадай мәліметті оқыдым. Онда "Жиенбаев Қасен қатардағы жауынгер қазақ. 1912 жылы "Бестауда" туған. Торғай обл. Жангелді А.Ә.К.-нан әскер қатарына шақырылған хабарсыз кеткен" деген. Шыны солай ма екен. Жоқ. Олай емес болды. Ол кезде Торғай облысы, Жанкелді ауданы емес, дұрысы Қостанай облысы, Торғай ауданы, "Бестау" ауылы емес, "Қайыңды" колхозы болу керек еді. Өкінішке орай мекен-жайы дұрыс жазылмаған.

Ал мен әкемді компьютер арқылы Қостанай облысы, Торғай ауданы "Қайыңды" колхозы, № II ауыл" деп іздеп хабарсыз емес, өлтірілгені туралы анықтама алдым. Онда Жи-

енбаев Қасен 1910 жылы туған. Сержант, партияда жоқ. 13.05.1944 жылы Калинин облысы, Пустошнинский ауданы, Каменский селолық Кеңесінің Каменка деревнясында жерленген. "Санитар-руктор Жиенбаев Қасен өлтірілген делінген (убит)". № 9772-інші адам болып жерленген. Сонда бұл қалай хабарсыз кеткенге жатады? Әрі ауылдағы ағасы Жиенбаев Шәкірге Қызыл ту орденін жіберген.

Ғажыбы сол, Қайыңды колхозынан соғысқа аттанып хабарсыз кеткендердің бәрін Қостанай облысы, Торғай ауданы, "Қайыңды" колхозынан деудің орнына бәрін Камысты (Камышнин) ауданына жазған. Ол кезде "Қайыңдылықтар" Камышнин атын естімеген де, білмейтін еді.

"Қайыңдының" Камыстыға қарау тарихы былай. "Қайыңды" колхозы Торғай ауданы-

ның №II ауылы еді. 1957 жылы Наурыз айында "Қайыңды" мен "Шилі" екі колхозды қосып "Бестау" совхозын құрды. Ал 1962 жылы маусым айында "Бестауды" Семиозер (Әулиеқөл), содан 1964 жылы тамыз айына Камысты ауданына берген еді. Міне содан 51 жыл бойы Камысты болып келеміз, шындығында түбіміз Торғай, біз торғайлықтармыз.

Соғысқа кеткен 70 адамның 12-сі елге мүгедек болып оралды, қалғаны тегіс майданда өлді, жоғалды. Хабарсыз кеткен 35 кісінің бәрі Камысты ауданында жазулы тұр. – Иә, солай-ақ болсын. Бірақ іздеушісі болса, солардың көбі соғыс алаңында жаумен жағаласып өлген шығар, хабарсыз емес шығар. Ал мен болсам сол боздақтардың өзім білетіндерін тағы іздеп көрмекпін.

Жолдыбай ШӘКІРҰЛЫ,
зейнеткер.
Қостанай қаласы.

● ТІЛЕК

Тағзым-тақтаға аты жазылса...

Ағамыз Әмірғалиев Нұрсейіт соғыс басталысымен майданға Семиозердан аттаныпты, аудандық кооперация мекемесін басқарса керек. Соғыста 1942 жылы дәрменсіз күйде тұтқынға түседі. Дюсселдорф-та концлагерьде қаза болғаны туралы "Қостанайские новости" газетінде 2010 жылы 12 қазанда жазылды. Тұтқынға түскендердің бәрі кейін ақталған. Москвадағы орталық мұрағаттан алған мәлімет бойынша оның есімі "Боздақтар" кітабына енгізілген.

Енді Әулиеқөл орталығындағы стелла таңбада соғысқа аттанғандар тізіміне Әмірғалиев Нұрсейіттің аты да жазулы тұрғаны әділдік болар еді. Соны Жеңістің 60 жылдығына қарсы, бұдан екі жыл бұрын да өтініп, аудандық ардагерлер кеңесіне жаздым. Бірақ әлі оның есімі тақтаға жазылған жоқ.

Ел үшін, бүгінгі бейбіт өмір үшін құрбан болған кісінің атын қастерлеп, қасиетті тақтаға жазу сонша қиын болғаны ма, әлде немқұрайлылық па?

Енді газет арқылы өтінішім құлақтарына жетіп, тақтада Әмірғалиев Нұрсейіттің аты тұрса екен деп тілеймін.

Айша АЙМОЛДИНА.

РЕДАКЦИЯДАН: Бұл өтінішке Әулиеқөл ауданының тізгінін ұстаған азаматтары түсіністікпен қарайды деп сенеміз.

Өткен күннен бір белгі

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Л.Толстой атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасының әдебиеттер бөлімінде "Талайды толғандырған оқиғалар" атты фотокөрме ашылды. Көрменің авторы Г.Шаповалов. Ол бұл еңбектерін Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арнап отыр.

Көрмедегі суреттерден Жеңіс мерекесінің лебізі сезіледі. Фотограф жыл сайын осы мерекені суретке түсіреді. Жылда түрлі эмоция, елдің қуанышы, кеуделері медальға толы ардагерлер. Көрме авторы жылда аталып өтетін осы мерекеден суреттерді жинақтап отыруды әдетке айналдырған. Осының

арқасында қоржыны толып, бір көрменің жүгін арқа-лап тұр.

Суреттерден қостанайлықтардың толғаныстары, сағыныш, өткен күнді еске алу, жақындарын сағынғандардың көздеріне жас алып, ескерткіш басында тізе бүгуі сияқты көріністерді көруге болады. Гүл шоқтарын құшақтарына алған жастар, бүгінгі бейбіт заманның ұрпағы да суретшінің назарынан тыс қалмапты.

Барлығы көрмеде 25 жұмыс бар. Әрқайсысы жүректерге жол тартады. Осы тақырыпқа сай кітапхана қызметкерлері "Жеңіске жеткізген лента" атты кітап көрмесін қойған. Мұнда Ұлы Отан соғысының негізгі оқиғаларын, халқымыздың Жеңіс жолындағы басынан кешкен қиындықтарын баяндайтын әдебиеттір жиынтығы жинақталған.

Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

2. "Қарамырза ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ жетекші маманы, санаты Е-Г-3, лауазымдық жалақысы еңбек еткен жылдарына байланысты 48047 теңгеден 64704 теңгеге дейін.

Қызметтік міндеттері: Сайлаушылар тізімімен жұмыс істеу. Сайлаушылар туралы есеп дайындау. Қарасу ауданы бойынша әділет басқармасының құжаттау бөлімімен ай сайын салыстырмалы тексерістерін өткізу. Статистикалық есебінін 1-ОЛ нысанын жасау. Әлеуметтік-тұрмыстық сипаттағы анықтамаларды беру. Балалар жәрдемақысын және адресілік әлеуметтік көмегін ресімдеуге көмек көрсету. Әскери есепке алуды жүргізу. Әр жарты жылдың басында аралауын ұйымдастыру және өткізу, жеке қосалқы шаруашылық пен тұрғындарды есепке алу бойынша статистикалық деректерді дайындау. Шаруашылық кітапты, алфавит кітапты жүргізу. Бланктерді пайдалану, сақтау және есептен шығару тәртібі. Нөмірлеуге тапсырма, бланктерді беру, есепке алу және есептен шығару. Аппаратта қолданысты нормативтік және нұсқаулық актілермен жүктелген басқа да қызметтік міндеттерді орындау.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары білім немесе ортадан кейінгі білімі не орта техникалық немесе кәсіптік білімі: білімі (педагогика және психология, құқық негіздері және экономика, қазақ тілі және әдебиет, орыс тілі және әдебиет), гуманитарлық ғылымдар (филология, аударма ісі, шетел филологиясы), құқық (құқықтану), әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (журналистика, экономика, менеджмент, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару), ауыл шаруашылығы ғылымдары (агрономия), ветеринария (ветеринариялық медицина, ветеринариялық санитария).

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 Бұйрығымен бекітілген Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар ұсынылсын:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылғы 21 желтоқсандағы №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеудің өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе оның нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Көрсетілген құжаттар конкурстың өтетіндігі туралы хабарландыру соңғы жарияланған сәтінен бастап 10 жұмыс күні ішінде Қостанай облысы, Қарасу ауданы, Қарасу ауылы, А.Исақов көшесі, 73 мекенжайы бойынша "Қарасу ауданы әкімінің аппараты" ММ ұсынылуы қажет.

Азаматтар жоғарыда санамаланған, құжат тігілетін мұқабда орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарын электрондық түрде хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта арқылы берген азаматтар, құжаттардың түпнұсқаларын әңгімелесу бас-талғанға дейін бір жұмыс күні бұрын көшіктірмей береді.

Әңгімелесуге жіберу туралы үміткерлерді хабарландыру күнінен 5 жұмыс күні ішінде үміткерлер әңгімелесуді "Қарасу ауданы әкімінің аппараты" ММ-де өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына бір жұмыс күні қалғанға дейін көшіктірмей Қарасу ауданы әкімі аппаратының кадрлармен жұмыс бөлімінде тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар Қарасу ауданы әкімі аппаратының кадрлармен жұмыс бөліміне жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілігін растайтын құжаттардың түпнұсқаларын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу жөніндегі шығыстарын (әңгімелесу өтетін орынға және көрі жол жүрісі, тұрғын үйлік орын-жайын жалдау, тұру, байланыстың барлық түрлерін пайдалану) өз қаражаты есебінен жүргізеді.

● дзюдо

Ж.Қосабайұлын еске алды

Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында дзюдодан жасөспірімдер арасында IV-ші дәстүрлі аймақтық турнир болып өтті. Бұл жарыс Торғайды түлеткен тұлға, самбо күресінің іргетасын қалаушы Жақан Қосабайұлын еске алуға арналды. Оған Арқалық қаласы мен Аманкелді ауданының боз кілем шеберлері, сондай-ақ, Шеген, Жаркөл ауылдық округінің және Жанкелдин ауданының спорт мектебінің балғын палуандары қатысып, бақтарын сынады.

Жарыстың салтанатты ашылу рәсімінде сөз алған аудан әкімі Асқарбек Кенжеғарин спортшыларға сәттілік пен жеңіс тіледі. Арқалық қалалық жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Рүстем Шалабаев өзінің тілектестігін білдіріп, Ж.Қосабайұлының өмір жолдарына қысқаша тоқталып өтті.

Турнир жеңімпаздары әр салмақ бойынша анықталды. Жалпы командалық есеп бойынша Арқалық қаласының палуандары жеңіске жетті.

Ал жекелей сындарда ең жас спортшы аталымы Кеңес Нұрханның еншісіне бұйырды. "Жеңіске деген құштарлығы үшін" жүлдесімен Сәкен Балмашов марапатталды. Ал үздік техникалық шеберлігімен көзге түскен Айдын Тұрғынбай арнайы жүлденің иесі атанды. Байбатыр НИЯЗБЕКҰЛЫ.

Жанкелдин ауданы.

● ОҚИҒА

Жеңіл көлік "ЗИЛ"-ді соқты

Қостанайда Абай даңғылында 13 сәуір күні түнде жолкөлік оқиғасы болды. 24 жастағы жүргізуші "ВАЗ-2114" маркалы автомобильмен жүйткіп келе жатып, рульге ие бола алмай, тоқтап тұрған "ЗИЛ" машинасын соқты.

Жүк машинасын соғудың салдарынан жеңіл автомобильдің жүргізушісі мен 24 жастағы жолаушы қыз бен жігіт оқиға болған жерде жан тапсырды. Қазіргі уақытта қажетті сараптамалар тағайындалып, тергеу іс-шаралары жүргізілуде.

ЕСКЕ АЛУ

Еске алу

Аяулы анамыз ҚҰТТЫБАЕВА Ғалия Тайғарақызының дүниеден озғанына 7 сәуір күні 5 жылдың жүзі болды. Анамыз тірі болғанда немерелерінің әже деген былдырлаған үндерін естір еді. Әр баласының биікке көтерілгенін, әр баласына демеу болып өмірдің қиындықтарында қайсарлы, қайратты болуға шындайтын еді. Әттен деп күнді атырып, түнді батырсақ та өткен оралмайды. Анамызды қайта дүниеге әкеле алмаймыз.

Қара тасқа қашалғанда есімің, Алла дедім жұмақ ашсын есігің. Сендей ана лайықты деп көруші ем, Тербеп жүрсе шеберің бесігің. Анамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын. Аллаһу ақбар!

Еске алушылар: жұбайы – Бораш, балалары – Сымбат-Төлеген, Салтанат-Абзал, Нұрғұл-Қанат, Айдос, Әйгерім, Кенжегүл.



Еске алу

Өмір күтпеген қызықтарға, қиын сәттерге толы екен. Төбемізді кейде көкке жеткізердей қуантса, кейде еңсеңді қайта көтере алмайтындай қиындық береді екен. Бұл Алланың бұйрығына дауа бар ма? Күні кеше ғана ортамызда жүрген асқар таудай ақиық қамқоршы әкеміз САДУАҚСОВ Ертай Батталұлының өмірде жоқ екеніне сенгіміз келмейді. Сәуірдің 21 жылдызында әкемізден айырылғанымызға 1 жыл толады. Әкеміздің жарқын жүзі жанарымызда, жылы сөзі жадымызда мәңгі өшпестей сақталып қала бермек. Ама! қанша, әкемізді сағынышпен еске алып, рухына құран бағыштаймыз. Жатқан жері жайлы, иманы жолдас, жаны жәннатта болсын дейміз.

Әкетайым, асылым, асқарым-ай, Өте шықты бұл өмір қас қағымда-ай. Ұл-қызыңның қызығын көрер шақта Жер қойнына сұм ажал тастадың-ай.

Бір жыл өтті сен жоқсың арамызда Сен едің ғой қамқоршы панамыз да. Аңқылдаған ақкөңіл жайдарлы-ай Сағынумен сені еске аламыз да.



Асқар таудай ақиық қамқоршы едің, Біздер үшін төгілген маңдай терің. Бір Алладан ендігі тілеріміз Жайлы болсын, әкетай жатқан жерің. Еске алушылар: жұбайы Гүлназ, балалары, туыс-туғандары.

Саламатов Петр Петровичтің сенімді тұлғасы Ермухамбетова Роза Алтаевна Таран с., Луговая көш., 21, 15 пәтер.

Қостанай облысы, Таран ауданы, Новоильинов селолық округі аумағында орналасқан шаруа қожалығын жүргізуге арналған кадастрлік нөмірі 12-189-045-063, алаңы 809,0 га жер учаскесіне уақытша ұзақ мерзімге өтеулі жер пайдалану құқығын сату жөнінен сауда өткізілетінін хабарлайды.

Бастапқы бағасы 200000 теңге. Сатып алу бағасы сауда өткізілген сәттен бастап бір күн ішінде енгізіледі. Сауда 2015 жылғы 27 сәуір, сағат 11.00- ге белгіленген, мекенжайы: Таран с., Луговая көш., 21, 15 пәтер.

Доверенное лицо Саламатова Петра Петровича Ермухамбетова Роза Алтаевна с. Тарановское ул. Луговая д.21 кв.15 объявляет торги: - право временного возмездного долгосрочного землепользования на земельный участок площадью 809,0 га кадастровый № 12:189:045:063, для ведения крестьянского хозяйства, по адресу: Костанайская область, Тарановский район, Новоильиновский сельский округ. Стартовая цена 200000 тенге. Покупная цена оплачивается в течение одного дня с момента проведения торгов. Торги назначены на 27.04.2015 г. в 11:00 часов, по адресу: с. Тарановское, ул. Луговая, д.21.

15 сәуір – Қозы Көрпеш-Баян Сұлу күні

Жас жүрек жауын саусағын...



1. Алғаш қалай таныстыңыздар?
2. Екеуіңіздің бастарыңыздан өткен қызықты оқиға?
3. Махаббат күнін атап өтесіздер ме?



Рүстем мен Маржан:

1. Алғашында мен Маржанды, яғни жұбайымды өз үйінің маңайында орналасқан аялдамадан 1-2 рет көріп, сырттай ұнатып жүрдім. Бірақ Маржан ол кезде мені байқамады. Кейін мен оқу аяқтағалы жатқан институтқа оқуға түсті. Сөйтіп танысып, араласып кеттік. Кейін достығымыз махаббатқа ұласып, отбасын құруға бел байладық. Қазір отасқанымызға екі жарым жыл болды. Мен ҚМУ-дың магистрантымын, ал жарым ҚМПИ-да білімін жалғастыруда.

2. Бір күні екеуіміз №24 автобуска міндік. Ойымыз әңгімемізді соңғы аялдамаға жеткенше ербіту болған. Кейін жүргізуші ағай: "Балалар, соңғы аялдамаға да келдік" деді. Бірақ әңгімеміз қыза түскен соң тағы да жол ақысын төлеп, әңгімемізді жалғастыра бердік. Сөйтіп әңгіме қызығымен 4 рет алғашқы аялдамадан соңғысына дейін жеткен екенбіз. Бұл бір қызықты оқиға болды, әрі жүргізушімен де тіл табысып кеттік.

3. Келіншегіме бір-екі рет 14 ақпанда гүл бергенмін. Ал 15 сәуірді Қозы мен Баянның күні болғандықтан тойламаймыз. Өйткені оларда өте қайғылы махаббат болған, екеуі қосылмаған жұптар. Болашақта осы мерекені "Махаббат күні" деп өзгертсе, қуанышты болар едім.

Фархад пен Қызғалдақ:

1. Мектептегі жарысты тамашалап тұрған Фархад мені бірден ұнатып қалады. Жарыс аяқталған соң екеуіміз танысып, жақын араласып кеттік. Сөйтіп, достығымыз сезімге ұласты. Жүргенімізге де біраз уақыт болды. Бұйырса, осы жылдың тамызы айында отбасын құрмақ ойымыз бар.

2. Қыз-жігіт болып жүргеніміздің алғашқы жылында ол әскерге кетті. Ол кезде мен 10-сыныпта оқитынмын. Жігіттімнің әскерден оралуын бір жыл күтіп, дәл келер күні құлап көзімді көгертіп алған едім. Ол қыс кезі болатын. Ал Фархадтың достары болса, мені көру үшін сонда арнайы келген екен. Күтіп алған күні ата-анасы, туған-туыстары, достарымен сол көгерген көзіммен фотоға түскенім бар. Мен оқуға түскеннен кейін ол құрдастарын көрмедім. Фархадқа хабарласқанда "көзі көгерген қызың қайда?" – деп қалжыңдасып сұрайды екен. Бұл бір естен кетпес оқиға болды.

3. Иә, махаббат күнін атап өтеміз. Бірақ ол қызметте болғаннан кейін кездесе алмаймыз. Құттықтауымыз тек хабарласумен шектеледі.



Қанат пен Айдана:

1. Біз мектептен жақсы достар болдық. "Ең алғашқы махаббат басталады партадан" деген сөз бекер айтылмаса керек. Осыдан кейін өмір белестерінен бірге өтуді шешіп, жанұя құрдық. Мен Көкшетау мемлекеттік университетінің 3-курсында білім алып, Қанат Қостанайда Академияда оқып жатыр.

2. 22 наурыз қарсаңында біз Қостанайда қыдырамыз деп үйдегілерге айтпай, кездеспек болдық. Мен Көкшетаудың поезынан түскенімде, барлық туысқандарымыздың Астана поезынан түспесі бар ма?! Сөйтіп жеке өткіземіз деп жоспарлаған күніміздің туысқандарымызбен өткізуге тура келгені бар.

3. Біз Қозы Көрпеш-Баян сұлу күнін мүлде тойлаған емеспіз. Қосыла алмаған ғашықтар күнінің біздің отбасымызға еш қатысы жоқ. Қанат екеуіміз үшін әр күн мереке.



Мирас пен Әйгерім:

1. Біз бір мектепте оқыдық. Бір қызығы, мен одан бір жас кіші болсам да, бір сынып жоғары оқыдым. Екеуіміз де спортқа өте жақын болдық. Қандай жарыс ұйымдастырмасын, ұлдар жағынан ол, қыздар жағынан мен шығатынын. Мирас шаңғы тебуден спорт шеберлігіне кандидат. Осылай талай сайыстарды бірге бағындыра жүріп, бір-бірімізді қалай ұнатып қалғанымызды да білмедік. Сөйтіп 10-сыныптан бастап қол ұстасып келеміз. Қазір қыз-жігіт болып жүргенімізге 5 жыл болды. Осы уақыт ішінде ортақ нәрселеріміздің де көп екенін білдік. Тіптен біздер "Реал Мадрид" атты испандық футбол құрамасының жанкүйеріміз. Мен ҚМУ-дың 3-курс студентімін. Мирас Рудный қаласындағы РИИ-да оқиды.

2. Бес жыл ішінде болған қызық оқиғалар жетіп артылады. Қыз-жігіт болып жүрген кездеріміздің алғашқы айларында Мирас үнемі сыйлық беретін. Сонда бір есте қаларлығы, жаңа қалың дәптердің барлық парағының әрбір жолы "Әйгерім сені жақсы көремін" деген сөздермен толтырылған екен. Бұл мен үшін ең ерекше, әрі ең қымбат сыйлық және қызық оқиға.

3. Біз осы уақытқа дейін 14 ақпанды махаббат мерекесі деп санадық. Былтырғы жылы университетте 15 сәуірге арналып өткізілген іс-шарадан кейін, осындай мерекенің барын білдік. Енді биылдан бастап атап өтеміз деген ойдамын.

**Бетті дайындаған
Ақбота Сақұлова ҚМУ студенті**



Жасұлан мен Райхан:

1. Жасұланмен алғаш 1-курсқа оқуға келгенде таныстым. Жақын араласып кетуімізге тегіміздің ұқсастығы себеп болды. Менікі Ерғалиева болса, оныкі сәйкесінше Ерғалиев. Тегіміз ұқсас болған соң, басында ағалы-қарындас ретінде араластық. Кейін ол қарым-қатынасымыз үлкен сезімге айналды. Міне, содан бері қыз-жігіт болып қол ұстасып жүргенімізге де 3 жыл болыпты. Жасұлан жақында оқуын тәмамдады, қазір қызмет істейді. Мен ҚМУ-дың 4-курсында оқимын.

2. Бірде менің туған күнім қарсаңында Жасұлан маған тосын сый жасамақ болады. Менің балконым орналасқан төменгі жерге шырақпен жүрек жасап, құттықтағысы келген. Бірақ ол асығып жүріп, басқа жерге дайындағанын біледі. Кейін ол тосын сыйды мен көрмегендіктен, оны суретке түсіріп әкелген болатын.

3. Біз махаббат күнін атап өтпейміз. Тек бір-бірімізді хабарласып құттықтаймыз. Жасұлан басқа қалада жұмыста болғандықтан, сирек кездесеміз.

Сырым мен Диана:

1. Біз алғаш спорт сарайында таныстық. Мен ол кезде әпкемді күтіп тұрған болатынмын. Сырым досымен менің жанымнан маған қарап өте шықты. Әпкем шыққан соң, біз аялдамаға қарай бет алдық. Бір кезде ол да іле артымыздан шығып: "Әсел, бәлкім сіңіліңмен таныстырарсың?" – деп айқайлады. Содан кейін ғана мен ол жігіттің әпкемнің танысы екенін білдім. Солай таныстық. Ол ерекше санды 11.11.11 күні болатын. Келесі күні бірге қыдырып, жақын араласа келе қыз-жігіт болып жүрдік. Махаббатымыздың беріктігіне сенгеннен соң, былтыр отбасын құрдық.

2. Басымыздан кешкен қызықты оқиға әрине көп. Оның бәрі еске түспейді екен. Сол жанұялы болуды ұйғарған жылы алғаш бір-біріміздің ата-анамызбен таныстық. Менің анаммен танысуға келерде ол қатты қобалжыды. Бұрын әкесі анасының үйіне танысуға барарда қобалжығаннан қашып кеткен екен. Сырым да соны қайталаймын деген. Бірақ бәрі ойдағыдай болып, ата-анамыз оң батасын берді.

3. Біз де 15 сәуір махаббат күні екенін жақында естідік. Оған дейін 14 ақпанды мерекелеп келгенбіз. Енді Қозы Көрпеш пен Баян сұлу күнін тойлайтын боламыз.



Меншік иесі:

**"Қостанай таңы" газеті
редакциясы" ЖШС**

**Директор-Бас редактор
Жанұзақ
АЯЗБЕКОВ**

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69
Директор-бас редактордың орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65
Жауапты хатшы: 54-33-22
Бөлім редакторы: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-26-42
Социологиялық зертеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25
Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88



Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдіде: 2-10-75, 5-00-02
Рудныйда: 5-57-60
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның мекенжайы:
110000, Қостанай қаласы,
Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген. Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. "Қостанайский Дом печати" ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: Майлин көшесі, 2/3. Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 11398. Тапсырыс 776.

Нөмірдің кезекші редакторы: Айтолқын АЙҚАДАМОВА.